

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІң  
және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІң ГАЗЕТІ

№ 172 (9749)

1955 жылғы 30 август Сейсенбі

Шығуына 36 жыл.  
жеке саны 20 тыйын.

## Зябь жырту жоспары әрбір колхоз, совхозда толық орындалатын болсын

Бұл күндері облысымыздың колхоздары, совхоздары мен машина-трактор станциялары барлық ауылшаруашылық жұмыстарының ең шешуші және ең жүрделі түрі — егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын жүргізуде. Сол сияқты, ауыл шаруашылығы қызметкерлері тұқым қорып құю, қоғамдық малға қажетті жеміш дайындау, мал қораларын қысқа әзірлеу, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және мемлекетке тапсыру, күздік егіс егу сияқты жүрделі жұмыстарды да жүргізуде. Кәзіргі аса жауапты кезеңде жүрделі ауылшаруашылық жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізіп, барлық жұмыстардың тығыздығын аяқталуын қамтамасыз ету — жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының, колхоз, совхоздар мен МТС басшыларының бүгін таңдағы кезек күттірмейтін айбынды міндеті болып табылады.

Бұл күндері ауылшаруашылық жұмыстарының кезек күттірмейтін түрлерінің бірі — желесі жылдың егінсіне жер әзірлеу. Егіншілік мәдениетті көгеріл, барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруда сапалы жыртылған зябьтің шешуші маңызы бар екендігін егіншілердің көп жылғы тәжірибесі айқын дәлелдеп отыр. Ауылшаруашылық дақылдарын жылыма-жыл әзір жерге өкшен шаруашылықтар егіннен үнемі мол өнім жыйнауда. Бұған Мамлют ауданындағы Жданов атындағы ауылшаруашылық артелін мысалға алуға болады. Мұнда зябьті мол жырту арқылы егіннен үнемі тұрақты мол өнім алуға қол жетті. Быйғы ауа райының қолайсыздығына қарамастан бұл колхозда зябьге егілген егін көрші колхоздардағы өктемде жыртылып егілген егіннен өнімді үш-төрт центнер артық берді.

Кезінде сапалы жыртылған зябь — мол өнім негізі екендігі, демек, агротехникалық ережелерге сәйкес, кезінде жыртылған зябь жерде ылғалдың мол сақталуына, сол сияқты, топырақта қоректі зат-

дайлардың барлығы да бар. Онда тракторлар, жер жыртатын, өңдейтін жүрделі техникалар жеткілікті. Кәзір МТС қамтуындағы колхоздарда 25 мың гектардай участоктің егіні жыйналды. Осы участкақтың жартысы әлі күнге дейін жыртылмай жатыр. Егінді жыйналған алаңдардың сабаны мен топанын тез жыйнап алуды еңкім ұйымдастырмаған. Осы себепті зябь жыртуға бөлінген тракторлардың көпшілігі зябь жыртуға пайдаланылмай, босқа қарап тұр. Сол сияқты, бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздарда егін жыйнауда жүрген тракторлардың бірде-біреуі түнде зябь жыртуға қатыстырылмай отыр. Бұл жағдайлардың барлығы Ленин аудандық партия комитетінің Куйбышев МТС-і аймағындағы секретары Рыбаков және МТС директоры Потякин жолдастарға өбден мәлім. Бірақ олар МТС қамтуындағы колхоздарда зябь жырту жұмысын қарқынды жүргізу үшін қажетті шаралар қолданбай келеді.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республиканың колхоздары мен совхоздарында 1956 жылдың егінсіне жер әзірлеу туралы» жақында баспасөзде жарияланған қаулысында жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарына быйыл зябь жыртудың көлемі едәуір артып отырғаны ескертіліп, олардың әрбір колхоз, совхозда зябь жырту жоспарын август-сентябрь айларында толық және артығымен орындауды қамтамасыз ету талап етілді. Біздің облысымыздың колхоздары мен совхоздарында КБП Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советінің бұл аса маңызды қаулысы қанағаттанғысыз орындалуда.

Облыс партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының, колхоз, совхоздары мен МТС-тері басшыларының бүгін таңдағы ең басты міндеттерінің бірі — егін жыйнау мен астық дайындауды, мал қыстатуға әзірлікті табысты жүргізумен бірге, әрбір шаруашылықта зябь жырту жоспарының сентябрь айында то-

## ССРО ПАРТИЯ ЖӘНЕ ҮКМЕТ БАСШЫЛАРЫНЫң „ХАЛЫҚТЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЧЕХОСЛОВАКИЯҒА 10 ЖЫЛ“ КӨРМЕСІНДЕ БОЛУЫ

Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, А. И. Микоян, М. Г. Первухин және М. А. Суслов жолдастар 27 августа Москваның М. Горький атындағы орталық мәдениет және демалыс паркінде орналасқан «Халықтық-демократиялық Чехословакияға 10 жыл» көрмесінде болды.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің басшыларын Чехословак Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиеді Елшісі Я. Вошаглик, елшіліктің қызметкерлері, көрменің директоры И. Тауфер және көрме қызметкерлері қарсы алды.

Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, А. И. Микоян, М. Г. Первухин және М. А. Суслов жолдастар көрмеде екі сағат болып, дос чехословак халқының экономикасы мен мәдениетінің жетістіктерін көрсететін экспонаттармен толық танысты. Көрменің директоры И. Тауфер экспонаттар жөнінде түсініктер берді.

(ТАСС).

## Кремльдің Үлкен Сарайында болған шахтер Күніне арналған салтанатты мәжіліс

28 августа совет халқы жұмысшы табының алдыңғы қатардағы отрядтарының бірі — совет кеншілерінің сан мың адамдық армиясының қажырлы еңбегін ерекше құрметтеу ретінде осыдан 8 жыл бұрын ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша белгіленген бүкілодақтық мейрам — шахтер Күнін атап өтті.

Шахтер Күні қарсаңында Кремльде астананың партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары өкілдерінің, ССРО Көмір өнеркәсіп министрлігі мен көмір өнеркәсібі орындарын салу министрлігі қызметкерлерінің салтанатты мәжілісі болды. Мәжіліс басталардан көп бұрын Кремльдің Сарайына көмір өнеркәсібінің қызметкерлері, даңқты шахтерлер, Социалистік Еңбек Ерлері, министрліктердің қызметкерлері келе бастады.

ССРО партия және үкмет басшыларының «Халықтық- Демократиялық Чехословакияға 10 жыл» көрмесінде болуы (1-бет).

Кремльдің Үлкен Сарайында болған шахтер Күніне арналған салтанатты мәжіліс (1-бет).

АСТЫҚ — БҮКІЛ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІНІң НЕГІЗІ: Д. Яворский.

— Астық тасқыны. Б. Омаров. — Преснов

ауданында астық ысырабы көп, жұмыс қарқыны баяу (1-бет).

КОМСОМОЛ ТҮРМЫСЫ: З. Қаскеев. — Еңбек майданының алдыңғы шебінде. С. Қанафин. — Көктемдегі табыста даурығуға болмайды (2-бет).

Қ. Нұғыманов. — Партия оқуын ұйымдастыру ісіне баса назар аударылыс (2-бет).

С. Бейсенбаев. — Автомобиль жөндеу мастерскойында (2-бет).

Ә. Сүлейменов. — Колхозшылардың мәдени тілегі ескерілмеген (3-бет).

Р. Уәлиев. — «Сталин жолы» колхозында (3-бет).

Ж. Мусин. — Апри Барбюс (3-бет). ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ЕЛДЕРІНДЕ (4-бет).

Дрезден галереясы картиналарының Москвадағы көрмесінің жабылуы және картиналарды ГДР-ға табыс ету (4-бет). Шетел хабарлары (4-бет).

## Астық — бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі

Егін жыйнауда титтей де болса кешігу зор астық ысырабына әкеліп соғады. Сондықтан егін жыйнауды тез аяқтауға және астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындауға барлық күшті жұмылдыру қажет

### — АСТЫҚ — МЕМЛЕКЕТКЕ

Чкалов атындағы колхоздың (Мамлют ауданы) қырманна 60 аттық күші бар электр станция орнатылған. Оның қуатымен қырмандағы барлық астық тазартқыштар, астық кептіргіштер және автомат-астық тиегіштер күндіз-түні бірдей тынымсыз жұмыс істейді. Станция түнгі уақытта қырманға жарық та береді. Қырманда жұмыс істейтін колхозшылар сме-налық тапсырмаларды үнемі толық және артығымен орындау үшін жан аямай еңбек етуде.

Осының нәтижесінде комбайн агрегаттарынан қабылданған астық қырманда күнбе-күн тазартылып, дайындау пункттеріне жөнелтіліп жатыр. Колхоз август айының 20-нан 25-не дейін мемлекетке 5270 пұт астық тапсырды. Ал осы айдың соңғы бескүндігінде қарқын бұрығыдан да қыза түсті. Бұл бескүндіктің алғашқы төрт күнінде тапсырылған астық оның алдындағы бескүндіктегіден едәуір асып түсті. Кәзір колхоз қырманнан дайындау пунктіне күн сайын кемінде 1350 пұт астық жөнелтіледі.

### Гектарынан 60-70 мың собық

Ленин ауданындағы «Бірлік» колхозының мүшелері быйыл жүгеріні біткі өсірді. Кәзір колхозшылар жүгері өнімін бөлектеп жыйнауды ұйымшылдықпен жүргізіп отыр. Мұнда жүгері көкшесін комбайнмен жыйнау алдында собықты қолмен жыйнау ұйымдастырылған. Бұл жұмыстағы колхозшылар әрбір сабақтан 2-3 собық жыйнап жүр. Собығы жыйналған алғашқы алаңның әрбір гектарынан 60-70 мың собық алынды.

Собығы жыйналған участоктер қайта жабықталған комбайндармен орындау. Комбайншылар әр-

### АСТЫҚ ТАСҚЫНЫ

Күздің жырымдалған сұр бұлтты аспан-ды кезіп жүр. Ол бірде солтүстікке қарай, бірде оңтүстікке қарай баяу жылжып өтеді де, егін даласына ауық-ауық ұсақ жаңбыр себелейді. Кейде бұлт арасынан күннің көзі де жылт ете түседі.

...Сталин атындағы колхоздың қырман меңгерушісі Степан Федорович Миктің берекеді кірпік қақпағанына бүгін үшінші күн. Ол қайдан ұйықтай алыс, колхоз бұл уақытқа дейін астық тапсыру жөнінде аудан колхоздарының, тіпті облыс колхоздарының алдында келді. Ал, соңғы кезде ойламаған жерден ауа райы құбыла қалды. Комбайннан қабылданатын астықтың дымқылдығы арта бастады. Қырмандағы астық кептіргіштердің жұмысы көбейді. Қырманға түсіп жатқан астықты кептіріп үлгеріп отыру едәуір қыйындап жетті. Тіпті комбайн бункерінен астық алып әрбір бес-алты минут сайын қырманға келіп жатқан жүк машиналары мен арбаларды қабылдаудың өзі қауырттай түсті.

Міне, астық тасуда жүрген Валя Кель он тонналық таразыға келіп тұрысымен таразышы Мина Штольдті асықтыра бастады.

— Ал, Мина, тез өлше, талонды тез жаз. Біржарым сағат ішінде мен екі-үш-ақ рейе жасадым. Комбайншы Роман Адам бүгін егінді шапшаң жыйнап жүр. Ол екеуіміздің уәдеміз бар. Роман бүгін 30 гектар бидай жыйнайды да, мен оның агрегатынан астықты кезінде алып тұрамын. Менің сертте тұруым саған байланысты. Мұны ескер, — дейді ол.

...Қырман меңгерушісі таңертең ерте Петропавл элеваторына төрт машина астық жөнелткен. Кәзір ол машиналардың қайта оралуын асыға күтуде. Жұмысты

қыштар мен астық кептіргіштердің гүрілінен жер солқылдағандай. Тазартылып, жақсы кептірілген алтын дән де, тау-тау болып үйіліп қалды.

Кешікпей-ақ қырманға элеваторға астық әкеткен төрт жүк машинасы мен қаланың бірнеше машиналары келді. Колхозшылардың бұл машиналарға астық тиеуіне жеті-сегіз минуттан артық уақыт кеткен жоқ. Сөйтіп келген машиналар дереу элеваторға қайта жөнелтіліп жатты.

— Достар, — деді Степан Федорович машиналар тегіс жөнелтілгеннен кейін, — егер біз бүгін түнде және ертең күні бойы осы қалыпта жұмыс істесек, онда бескүндік график артығымен орындалмақшы. Қарқынмызды төмендетіп алмайық!

Түн. Қырмандағы электр шамдары жарқыратып тұр. Мотордың гүріліне, астық тазартқыш, кептіргіш машиналардың сыпырып қозғалатын бөлшектерінің гүріліне ілесе шыққан әдемі ән алысқа тарап кетіп жатыр. Міне, элеваторға астық әкеткен машиналардың алды қырманға тағы да оралды.

— Степан аға, сізге көмектесуге келдік, қабылдаңыз бізді, — деді колхоз сауыншысы Клара Вогнер машинадан түсіп жатып.

— Біз кешкі сауыннан кейін сізге көмектесуді ұйғардық, — деді екінші бір сауыншы.

— Бігер істің басына, жақсы келер қарсына дегендейін көп келдіңдер. — Ал қыймылдайық!

Товарлы-сүт фермасынан келген 17 сауыншы қыздар іске кірісіп те кетті. Қырмандағы тау- төбе болып үйіліп жатқан астық тез тазартыла бастады. Кешікпей қырманға тағы да біртөрт машина кел-

арамшөптердің қаулап өспеуіне көмектесетіндігі мәлім.

Жоғарыда аталған Жданов атындағы, сол сыяқты Интернационал МТС-нің құрамындағы Чкалов атындағы ауылшаруашылық артельдері егін жыйнау мен астық дайындауды қарқынды жүргізумен бірге, желесі жылдың егісінде де жете қамқорлық жасауда. Аталған колхоздарда зябь жыртуда тұрақты тракторлар жұмыс істейді. Сол сыяқты, егін жыйнаудан бос тракторлар да күн сайын зябь жыртуға пайдаланылады. Жұмысты осылай ұйымдастырудың нәтижесінде Чкалов атындағы колхозда соңғы аптада 600 гектардай зябь жыртылды. Мұндай фактілерді басқа аудандардан да көптеп кездестіруге болады.

Бірақ облысымыздың барлық колхоз, совхоздарында бірдей желесі жылдың егісіне тыңғылықты қамқорлық жасалып отыр деп айта алмаймыз. Егіншілік мәдениетін арттырып, барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуда кезінде сапалы жыртылған зябьтің зор маңызын біле тұра кейбір колхоз, совхоздар мен МТС-тердің басшылары бұл күндері зябь жыртуды қарқынды жүргізуге қолда бар күш-мүмкіншілікті жете пайдаланбай отыр. Бір мысал келтірейік. Ленин ауданындағы Куйбышев атындағы МТС-тің құрамындағы колхоздарда зябь жырту жұмысы мүлде сылдыр ұйымдастырылған. Ал, МТС қарамағында зябь жыртуды тыңғылықты ұйымдастыруға қажетті жағ-

желесі жылы егіннен мол өнім алудың негізін қалау.

Колхоз, совхоздар мен МТС басшылары егін жыйналған алаңдардың сабағы мен топанын дереу жыйнауды ұйымдастырып, зябь жыртуға бөлінген тракторлардың жұндіз-түні бірдей жұмыс істеуіне жетісуге тиіс. Сол сыяқты, егін жыйнаудан бос тракторларды түнгі уақытта зябь жыртуға қатынастыруға да баса назар аударылатын болсын.

Зябь жыртуда, әсіресе жұмыстың сапасына ерекше көңіл бөлінуі қажет. Бұл істе агрономдар шешуші рөл атқара алады. Олар механизматорлардың жұмысты сапалы істеуін қадағалап отырумен бірге, оларға зябьті қандай тереңдікке және қалай жырту керек екендігін үнемі түсіндіріп отыруға міндетті. Зябь жыртуда жетекші бөлетін мәселе — зябьті Малышев әдісі бойынша жыртуды кеңінен қолдану.

Зябь жыртуда жұмыс қарқынын арттырудың басты шарттарының бірі — бұл жұмыста жүрген механизматорлардың социалистік жарысын пәрменді ұйымдастырып, озат механизматорлардың жұмыс тәжірибелерін кеңінен насихаттау, сол сыяқты, олардың мәдени-тұрмыстық қажетін тыңғылықты өтеп отыру. Жергілікті партия, совет ұйымдары бұл мәселелерге күнбе-күн назар аударатын болсын.

Кезінде және сапалы жыртылған зябь — мол өнімнің негізі. Зябь жырту жоспарының әрбір колхоз, совхозда толық орындалуын қамтамасыз етейік.

Көпші сағат О. А. М. Каганович, Г. М. Маленков, А. П. Микоян, М. Г. Первухин, М. А. Сулов жолдастар, СОКП Орталық Комитетінің секретарлары А. Б. Аристов, Н. И. Беляев, Д. Т. Шенилов, ССРО Министрлер Советі Председателінің орынбасары Н. Ф. Тевосян, РСФСР Министрлер Советінің Председателі А. М. Пузанов, еңбекшілер депутаттары Москва облыстық Советі атқару комитетінің председателі А. П. Волков, СОКП Москва қалалық комитетінің секретары Н. Т. Марченко, КВОО председателінің орынбасары Л. Н. Соловьев, ССРО министрлері, көмір өнеркәсібінің жаңашылдары және басқалары келіп президиумнан орын алды, қатысып отырғандар оларды қызу қолшапалақтап қарсы алды.

Салтанатты мәжілістің құрметті президиумына СОКП Орталық Комитеті Президиумының мүшелерін сайлау туралы ұсынысты жыйналғандар ду қолшапалақтап қарсы алды.

Шахтер Күні туралы ССРО Көмір өнеркәсібінің министрі А. Н. Задеидко баяндама жасады.

Салтанатты мәжілісте КВОО председателінің орынбасары Л. Н. Соловьев, БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары В. Е. Семичастный құттықтау сөздер сөйледі. Мұнымен қатар Чехословак Республикасы мен Польш Халық Республикасы шахтерлерінің құттықтаулары оқылды.

(ТАСС).

### Орта дәрежелі арнаулы оқу орындарының 575 мың жаңа оқушысы

Орта дәрежелі арнаулы оқу орындарына оқушылар қабылдау аяқталды. Техникумдарға, училищелерге және мектептерге орта мектептің жетінші немесе оныншы кластарын бітірген 425 мың жігіт пен қыз алынды. Бұған қоса кәсіпорындар мен мекемелерде жұмыс істейтін 57 мың адам кешкі оқу орындары мен бөлімшелерге қабылданды.

Өндірістің маусымдылығымен байланысты мамандықтар бойынша сырттан оқытатын бөлімшелерге оқушылар қабылдау мерзімі бірінші январьға дейін созылады. Бірінші шұрқа 90 мыңнан аса адам алу белгіленді.

Өткен жылдардан бйылғы айырмашылық сол — орта дәрежелі арнаулы оқу орындарына кезір мемлекеттік аттестаты бар жастар едәуір көп алынды.

Орта дәрежелі барлық арнаулы оқу орындарына өтініштердің өте көп түскені байқалды. Мәселен Москваның тоқым өнеркәсібі техникумына 90 орынға 460 өтініш, Москваның химия политехникумына 150 орынға 750-ден аса өтініш түсті, тағысы тағылар. Еліміздің басқа да көптеген техникумдарында, училищелер мен мектептерінде де жағдай осындай.

(ТАСС).

бір гектардан 330 центнер жүгері көкшесін бастырып жүр. Колхозшылар мен механизматорлар жүгерінің собығын бір бөлек, сабағын бір бөлек сүрлеуді ойдағыдай жүргізіп келеді.

### Сменасына екі норма

Приешім ауданы, Киров атындағы колхоздың егін даласында жұмыс істеп жүрген комбайншы Э. Штиберт жолдас егін оқу жұмысында жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Ол әр күн сайын 24 гектар алаңның егінін орып, сменалық тапсырманы екі еседен орындап жүр.

Онымен бірге жұмыс істейтін тракторшылар Л. Вагнер, Александр және Яков Зингер жолдастар комбайнның тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуде.

С. АНУАРОВ.

## Преснов ауданында астық ысырабы көп, жұмыс қарқыны баяу

Бұл түске жақындаған кез. Абай атындағы ауылшаруашылық артельінің өнімі жыйналып жатқан участкаға бару үшін колхоз председателі Шайкенов жолдаспен жеңіл машинаға отырдық. Кең көлемді колхоз егісінің орталығындағы жолмен жүріп, алдағы дөңге шыға келгенде кең алқапта үш комбайнның қарап тұрғаны бірден-ақ көзге түсті.

—Бұларға не болған,—деді председатель шоферге абыржыған пішінмен.

—Комбайндардың бункері астыққа толы, соны түсіріп алуды күтіп тұрған ғой,—деді шофер.

Біз «ДТ—54» тракторына тіркелген жаңа «Сталинец—6» комбайнның жанына келіп тоқтай қалдық. Агрегаттары адамдармен әңгімелескенімізде екі километрлік егін участогін айналып сайын бункерден астық түсіріп алатын машиналар мен көліктерді күтіп, үш рет тоқтайтындықтарын, онда 25—30 минуттай уақыттың босқа өтетінін айтты. Олармен көрші алқапта тұрған комбайн агрегатында да жағдай дәл осындай болып шықты. Комбайншылардың өнімі еңбек етуіне қолайлы жағдай жасалмағандықтан осы участкада 241 гектар бидайды 5 комбайн үш күн бойы шапқан. Соның өзінде комбайндар жүріп өткен жерде пашылып жатқан масақ көп. Бұл участкада әрбір гектарынан кем дегенде бір центнердей астық ысырап болған.

Абай атындағы колхоз егін орағы басталғаннан бері дайындау пункттеріне жөнді астық өткізбей келеді. Колхоз қырмандарында үш мың центнерге жуық астық тазартылмай жатыр. Мұнда егінді оқу мен астық тазарту, оны дайындау пункттеріне тасу жұмыстарының арасындағы алшақтық ұлғая түсеуде. Колхоздың астық тапсыруды қысқа мерзімде өткізуіне мүмкіншілігі толық бар.

мұндай кезеңде уақытпен санасуды білмейтін Иван Вагнер, Михаил Кадзоев, Андрей Мик, Андрей Богер сыяқты шоферлардың тез оралатындығына сеніп тұр.

Оның үстіне аудандық атқару комитетінің қаладан қосымша жүк автомашиналары жіберілгені жатыр, астық тазартуды тездетіңдер деген хабары түсті. Степан Федорович механик Иван Иванович Вагнермен бірге «Кузбасс» астық келтіргішін жұмысқа қосуға әзірлей бастады.

—Бізге кезір әрбір минут қымбат,—деді Степан Федорович қырмандағы колхозшыларға.— Сондықтан аялбай еңбек етуіміз керек. Кезір қаладан машина келеді. Біз сол машиналардың біреуін қырманда бір минут босқа ұстамауға тиіспіз. Ал қыздар мен жігіттер қыймылданар!

Механикаландырылған қырман қызу еңбек думанына айналды. Астық тазарт-

ді. Бұлар селолық интеллигенттер мен жоғары кластың оқушылары еді. Бұлар да қызу еңбекке кірісті. Апалы-сіңділі Кельдер таңертеңге дейін екі тапсырма орындап шықты. Сауыншылар да тамаша еңбек үлгісін көрсетті. Таңертеңге дейін қырманда 2400 пұттан астам астық тазартылып шығарылды.

Бескүндіктің ең соңғы күні таңертең қырмандағы жұмыс тағы да қыза түсті. Астықты тазарту, келтіру, машиналарға тиеу қат-қабат жүргізіліп жатты. Кешке Степан Федорович дайындау пунктіне жөнелтуге тиелген соңғы машинаның кузовындағы бидайға: «Соңғы бескүндікте мемлекетке 9000 пұт астық тапсырып, графикті артығымен орындадық» деген жазуы бар плакат қадады.

Д. ЯВОРСКИЙ.

Петропавл ауданы, Петерфельд селосы.

дарға қарағанда бұл артельде транспорт жеткілікті. Колхозда төрт жүк автомашинасы бар. Мұның үстіне МТС-тен төрт аудандық авторотадан бес автомашина астық тасуда жүр. Мәселе осыларды жұмысқа тиімді пайдалана білуде болып отыр.

Бұл аталған колхоздардағы кемшіліктер ауданның Жданов атындағы, «Путь коммунизма» колхоздарында да орын алған. Ал, осы колхоздарды қамтитын Николаев МТС-нің басшылары, атап айтқанда, станция директоры Әуелбеков, бас агрономы Омаров, партия ұйымының секретары Кунгурцев жолдастар егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарына тыңғылықты басшылық етпей отыр.

Астықтың ысырапқа ұшырауына да көріне жол берілген. Мысалы, Жданов атындағы колхозда комбайннан алынған астық қырманға өлшенбей төгіледі.

Колхоздардың қайсысына барсаңыз да, комбайнмен жыйналған егін орнында көп масақ кездестіруге болады. Осы Жданов атындағы колхоздың № 3 егіс бригадасында комбайншы Колмыков жолдас жыйнаған 240 гектар егін түсімінің 25 проценті ысырапқа ұшыратылған. Өйткені, егін биік шабысқандықтан аласа өскен масақ мотвилора ілекпей, хедердің астында қалып қояды. Ал МТС басшылары астықтың ысырабын қысырмақ болып, егін ысыраппен жыйналған жерді ізінше зябьке жыртып тастауға жікелей бұйрық берген.

Міне осының бәрі ККП аудандық комитетінің секретары Долженко, аудандық Совет атқару комитетінің председателі Макаров жолдастардың көз алдында болып жатқан іс. Алайда, олар осындай елеулі кемшіліктерді тез жою жөнінде нақты шара қолданбай келеді.

Б. ОМАРОВ.

### Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің жаңа қатысушылары

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің бас комитеті бйылғы жылы масақты дақылдар жыйнауда, сондай-ақ көктемде ояу көшетін, темекі отырғызуда және отамалы дақылдар егісінде үздік еңбек еткен Брасовдар өлкесінің үлкен бір топ механизматорларын 1955 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің қатысушылары етіп бекітті.

Север МТС-нің комбайншысы И. Летвиненко «Сталинец—6» маркалы комбайнмен жұмыс істеп, 236 гектар масақты дақыл жыйнап, көрмеге қатысушылар үшін белгіленген нормадағы 6 мың центнер орнына 6787 центнер астық бастырды. И. Летвиненко көктемде 13 күннің ішінде 221 гектар отамалы дақылдар екті, бұл да көрмеге қатысушының көрсеткішінен анағұрлым артық. Север

МТС-і комбайншысының көмекшісі Н. Летвиненко 328 гектар егін жыйнап, 7558 центнер астық бастырды. Мұнымен қатар Север МТС-нің комбайншылары П. Бравин, И. Кондратенко, И. Харченко, Соколов МТС-нің комбайншылары И. Фартушный, Дондуковский МТС-нің комбайншысы В. Стативко Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушының көрсеткішінен едәуір жоғары нәтижеге жетті.

Жұмыс нормасын асыра орындағаны және ояу мен темекіні механикаландырылған әдіспен отырғызу жұмыстарын үздік сапалы өткізгені үшін бірнеше ондаған механизматор көрменің қатысушылары болып бекітілді.

(ТАСС).

### В. Г. Белинскийдің музей-үйіндегі жаңа экспонаттар

БЕЛИНСКИЙ, (Иенза облысы). (ТАСС). Орыстың ұлы демократ-сыншысы В. Г. Белинскийдің музей-үйіне күн сайын жүздеген адамдар келеді.

Музейдің экспозициясы Виссарион Григорьевичке оның әкесінен, шешесінен, ата-шешілерінен және апа-қарындасарынан

келген 156 хатпен байытылды. «Россия мемлекетінің тарихы», М. Запоскиннің «Рославлев» кітабы, А. Кольцовтың өлеңдер жыйнағы алынды. Кітаптың көптеген беттерінің шетінде ұлы сыншының қолымен салынған белгілер бар.

(ТАСС).

# КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ

## Еңбек майданының алдыңғы шебінде

Егін орағы басталар алдында Киров атындағы колхоздың бастауыш комсомол ұйымы өзінің жыйналысын шақырды. «Комсомолецтер мен одақта жоқ жастардың егін орағына қатысуы туралы» мәселе талқылады. Жыйналысқа колхоз председатели Дирке, бастауыш партия ұйымының секретары Жетпісов және аудандық комсомол комитетінің өкілі Радченко жолдастар қатысты.

Жыйналыста сөз сөйлеген жолдастар социалистік жарыста жеңіп алған ымыраменді қолдан шығармайтындығын, комсомолецтерді мамандығына, қабілетіне қарай жауапты учаскторге жіберу керектігін, еңбек қарқынын үдете түсіп, жаңа табыстарға ие болатындығын айтты. Сонымен бірге егін орағына әзірліктегі кейбір кемшіліктерге тоқталды.

Комсомолецтер мен одақта жоқ жастар жыйналыстың ертеңіне-ақ комбайн агрегаттарына, қырман басына, астық тасу мен сабан-топан жыйнау жұмыстарына барды. Жаңа егінді 10—12 жұмыс күні ішінде жыйнап, мемлекетке сапалы астық тапсыруда комсомолецтер мен одақта жоқ жастар Асанов МТС-нің механизаторларымен тығыз байланыс жасап, еңбек қарқынын қыздыра түсті. Кәзір колхоз мемлекет қоймасына 1400 центнер астық тапсырды. Жаңа астықты жыйнауға комбайншылар Я. Цвечих, Э. Биц жолдастар алғашқы біржарым күннің ішінде әрқайсысы 37 гектардан егін орды. Бұл комбайншылар алғашқы беттегі қарқынды бәсеңдетпей бұл күндері де күндіз нормаларын екі-есіжарым есе етіп орындап жүр.

Комсомол ұйымының секретары Анна Пец бастаған комсомолецтер Александр Фрик, Петр Вильгельм, Елена Швецгебель, Петр Воробьев, Зоя Соколова жолдастар колхоздың орталық қырманда жұмыс істейді. Олар қырмандағы жұмыстың қарқынды болуын, одақта жоқ жастардың қажырлы еңбек етуін және түнгі сменаның ұйымдастырылуын қамтамасыз етті. Комбайннан қырманға, қырманнан қабылдау пунктіне астық тасып жүрген шоферлердің социалистік жарысын ұйымдастырды. Астық тасуда «ЗИС—5» машинада істейтін шофер Александр Вацк социалистік жарыстың күнделікті қорытындысында бірінші орынға ие болып жүр.

Комсомолка Зоя Соколова оқу үйінің

меңгерушісі болып істейді. Оны қырман басында және № 6, № 7 трактор бригадаларындағы механизаторлар арасында жиі кездестіруге болады. Соколова жолдас колхозшылар мен механизаторларға әдеби кітаптар және газет-журналдардың соңғы номерлерін жеткізіп, әр бес күн сайын жауынгерлік листок шығарып тұрады. Механизаторлар мен колхозшылардың жұмыстан бос уақыттарында әртүрлі тақырыптарға әңгімелер өткізеді.

Августың 14 күні Зоя Соколова шығарған жауынгерлік листокты оқымағын бірде-бір колхозшы, немесе механизатор болған жоқ. Жауынгерлік листоктың бұл номері өткендегі басқа номерлерінен әлдеқайда қызықты, тартымды болды. Онда «Жауынгер көзең» деген басмақала және «Кім алда» деген көлемді мақала жарияланды. Әресе «Кім алда» деген мақаланың мазмұны барлық жұртшылық назарын өзіне аударды. Ол мақалада қырман басындағы астықтасалағыш «ВИМ» машинасында істейтін озаттардың жұмыстары жайында жазылған еді. Сол сияқты, астық тасалаушы, жеткізуші Мария Пец, София Кох және София Шуплина сияқты жолдастардың игі істері жайында баса назар аударылған болатын.

Комсомолецтердің бір тобы сабан-топан жыйнау жұмыстарында істейді. Өндірістің бұл саласында еңбек етіп жүрген Елена Швецгебель, Эма Бухеман, Мария Михелист және Лиза Вагнер жолдастар алғашқы екі күннің ішінде 500 центнерден астам сабан-топан жыйнады. Бұл комсомолецтер өздерінің қажырлы еңбектерімен ғана емес, сол сияқты жалынды сөздерімен де колхозшылар арасында үлгі-өнеге болып келеді.


Партия ұйымы жолхоз комсомолецтерінің күнделікті жұмысына үнемі басшылық жасап, кемшіліктері болса кезінде түзетін, жол-жоба көрсетіп отырады. Комсомол жыйналыстарының барлығына бастауыш партия ұйымының секретары Жетпісов, немесе басқа коммунистер қатысып, колхоз алдында тұрған шаруашылық міндеттерді бірге талқылайды. Сондықтан колхоз комсомолецтері партия ұйымының шын мәніндегі жауынгер көмекшісі болып, еңбек майданының алдыңғы шебінде келеді.

**З. ҚАСКЕЕВ,**  
ҚЛКНО Петропавл аудандық комитетінің секретары.

## Көктемдегі табысқа даурығуға болмайды

Преснов ауданының колхоздары мен совхоздарының егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарына әзірлік

Баяндамашы аудандық комсомол комитетінің секретары Кольбабанов жолдас өзінің баяндамасында алған жастарының кө-



Іле сыртындағы Алатау тауларында, теңіз бетінен 1400 метр биіктікте КВОС-тың «Горельник» туристік базасы орналасқан. Мұнда табиғаты көркем Кіші Алматы шатқалына еліміздің барлық түпкірлерінен жыл сайын 1500-ден астам туристер жыйналады.

СУРЕТТЕ: «Горельник» туристік базасының жалпы көрінісі (ҚазТАГ-тің фотохроникасы).

## ЖАҢА ҚАЛАДА

КЕНТАУ (Оңтүстік Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Указы бойынша Қантағы мен Мырғалымсай поселкелері Кентау қаласы болып қайта құрылды.

Мұнда руда кен орындары пайдалану осыдан 100 жылдай бұрын басталған болатын. Руданы қол еңбегімен шығарған кеншілердің жұмысы нағыз бейнет еді. Кеншілер қараша үйлерде тұрды.

Совет өкметі орнасымен-ақ Ащысайдың кеншілері үшін қуанышты өмір басталды.

Фабриканың бесжылдықтар жылдарында пайдалануға берілген рудниктері мен байыту фабрикалары маңдайалды техникамен жабдықталған. Мырғалымсай руднигіндегі еңбекті көп керек ететін процестер толығынан дерлік механикаландырылған. Соғыстан кейінгі жылдарда жер астындағы жұмысшылардың еңбек өнімділігі үш еседей артты.

## Кеншілердің еңбек өнімділігі артуда

ӨСКЕМЕН, (ҚазТАГ). Қазақ ССР түсті металлургия министрінің кәсіпорындарында жұмысшылардың еңбек өнімділігі жыл басынан бері 17 процент артты. Бұған еңбекті көп керек ететін процестерді механикаландырудың және еңбек ұйымдастыруды жақсартудың нәтижесінде қол жетті.

Жұмыстардың бүкіл циклін өздігінен

Тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық үйлер сауда-өрекке көңіл бөлінеді. Қаланың төрттен үш бөлегі бұрынғы Мырғалымсай поселкесі болып отыр. Оның құрылысы осыдан төрт жыл бұрын басталған еді. Бұл уақыттың ішінде 2.000-нан аса үй салынды. Үлкен көшелерге асфальт төселді. Кентау қаласында клубтар, кітапханалар, медициналық мекемелер, магазиндер, тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындар жұмыс істейді. Үстіміздегі жылдың аяғына дейін төрт пәтерлі 50 тұрғын үй іске қосылады. Жаңадан жасалатын орталық алаңның жобасы белгіленді, оның төңірегінде төрт қабатты үйлер орнайды. Қаланың батыс жақ шетінде, жеміс және саялы ағаштардың ортасында пионер лагерлері, кеншілер мен байытушылардың демалыс үйлері, дачалары орналасады.

## Автомобиль жөндеу мастерскойында

Қаладағы автомобиль жөндеу мастерскойының коллективі (директоры П. Лапин) автомобильдерді күрделі жөндеуден өткізуде айлан-айға жоғары көрсеткіштерге жетуде. Мастерской коллективі үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдық жоспарын жалпы өнім шығарудан 134,5 процент орындап шықты. Осы мерзім ішінде коллектив 32 автомобильді күрделі жөндеуден өткізіп, жартыжылдық жоспарды 119,4 процент орындады. Сондай-ақ моторшылар бірінші жартыжылдықта 113 моторды жоспардан тыс жөндеп, тапсырманы 111,7 процент орындауға жетті.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысымен жігерленген мастерской коллективі жөндеу жұмысының сапалы болуына ерекше назар аударуда.

Соның нәтижесінде күрделі жөндеуден өткен автомашиналардың 70 проценті «өте жақсы» деген бағамен қабылданды.

Жөндеушілер арасында жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау, СОКП XX съезін лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарыс кең құлаш жайған. Цех пен цех, жұмысшы мен жұмысшы өзара жарысқа ұшпаса, ол жарыстың барысы үнемі төксеріліп, қорытындысы көрсеткіш тақталарында жазылып тұрады. Озат жұмысшыларға «Социалистік жарыс озаты» атағы беріледі. Ал озат цехқа Ауыспалы қызыл ту тапсырылып отырылады.

Көп уақыт Ауыспалы қызыл туды монтаждау цехы алып келген еді. Июль айында мастер Борисов жолдас басқарған механикалық цех еңбек өнімділігін арттыруға және өнім сапасын жақсартуға жетісіп, айлық тапсырманы 127 процент орындады да, Ауыспалы қызыл туды жеңіп алды. Бұл цехта сменалық, айлық тапсырмасын орындай алмайтын бірде-бір жұмысшы жоқ. Осы цехта істеуші шифовщик П. Корзин жолдас июль айының жоспарын 400 процент, слесарь-моторист М. Промлоков —280 процент, вулканизатор С. Семидонский—550 процент, ағаш шебері В. Лопатин —270 процент орындап шықты. Бұлардың әрқайсысына «Социалистік жарыстың озаты» атағы берілді.

Мастерскойдағы жұмысшылардың көпшілігі июль айының жоспарын артығымен орындап шықты. Бұлардың қатарында машинаның кабинасына, отырғышына, кузовын жасайтын цехта жұмыс істейтін ағаш шеберлері Лопатин, Лавров жолдастар бар. Бұлардың әрқайсысы өндірістік тапсырмаларын ұдайы 200—250 проценттен орындап жүргендер. Сол сияқты радиаторшы-мыс қорытушылар Корольков

Автомобиль жөндеушілердің қол жеткен табыстарымен қатар, кемшіліктері де жоқ емес. Мастерскойда ең алдымен қосалқы бөлшектердің жетіспеуіндігін атап айту керек. Мұнда «ГАЗ—51» машинасына қажетті поршень, клапан ытукасы, блок прокладжасы, аккумулятор пластинкалары, бояу тағы басқа қажетті тетіктер көзір атымен жоқ. Соның салдарынан кей уақытта жөндеуге тиісті машиналардың жөндемей ұзақ уақыт тұрып қалуы жиі кездеседі. Мәселен, үстіміздегі жылдың май-июнь айларында қаладағы № 1 автобаза бір «ЗИС—50», «ЗИС—5», Мамлют авторотасы «ГАЗ—51» машиналарын күрделі жөндеуге қойған болатын. Қажетті бөлшектердің болмауы себепті бұл машиналар осы күнге дейін мастерскойда жөндемей тұр.

Тағы бір кемшілік—мастерской басшыларының (директоры Лапин, техноругі Акушев жолдастар) жұмысшылардың енгізген жаңалық ұсыныстарына дербесінде назар аудармай отырғандығы. Мысалы, өндіріс озаты шифовщик Корзин жолдас өткен жылдың октябрь айында өзі жұмыс істейтін токарлық станокке өзгерістер енгізген еді. Ама! не, оның мұндай рационализаторлық ұсынысы мастерской басшылары тарапынан қолдау таппады. Ал Корзин жолдас көзір өзі өзгеріс енгізген станокта жұмыс істеп, еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Тек июль айының тапсырмасын 400 процент етіп орындады. Бұрын осы станокпен «ЗИС—5» машинасының име валына шифовка тасуға 13 сағат уақыт керек болса, станокке Корзин өзгеріс енгізгеннен кейін 10 сағат уақыт кетіп жүр. Егер Корзин жолдасының ұсынысы терең зерттеліп, өндіріске енгізілген болса, онда бұл уақыт 8 сағатқа дейін қысқартылған болар еді.

Жаңалық тапқыш-жұмысшылар «ЗИС—120», «ЗИС—5» және «ГАЗ—ММ» машиналарына қажетті шкифтерді, қрыльчаткаларды, кабина тұтқаларын, көпот ұстағыштарды көзір алюминий жөңғынды сынан жасап жүр. Бірақ мастерской басшылары «Заводта жасалғандай әдемі емес» деп өнертапқыштардың бұл жаңалықтарына да ешбір назар аудармай келеді.

Жаңалық тапқыштардың пайдалы ұсыныстарын қолдап, оларды өндіріске енгізуге әрдайым көмектесіп отыру мастерской басшыларының негізгі міндетінің бірі. Бұл ұсыныстарды өндіріске енгізу автомобиль жөндеушілердің өндірісте жоғары көрсеткіштерге жетуінің кенші екендігін еш уақытта ұмытуға болмайды.

Мастерской коллективінің басшылары өндіріске басшылықты жақсартып, жөндеу жұмысының әрі тез жүргізілуіне, әрі

жыйнаудағы колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің басым көпшілігі комсомолдар мен одақта жоқ жастар болып табылады. Олардың бірқатары партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін абыроймен орындап, еңбектің өнегесін көрсетіп жүр.

Дегенмен кейбір комсомол ұйымдары жас егіншілердің еңбектегі белсенділіктерін үнемі қолдап, өзгә тәжірибелерді жалпының игілігіне айналдыру жөнінде маңызды ештеңе істей алмай келеді. Сондықтан аудандық комсомол комитетінің жақында болып өткен Пленумында комсомол ұйымдарының егін жыйнау жұмысына қатысу жөніндегі істеріне жан-жақты талдау жасалуға тиіс еді. Бірақ не пайда, бұл үміт ақталмады.

Жеткен кейбір табыстарымен даурығумен болды. Ол «көктемде 61478 гектар егін егілді, жоспар 103 процент орындалды, 3039 гектар сүрлем дақылдары егілді, әрбір тракторшы 324 гектар жер жұмыстады» деген сыяқты жалпаң цифрлардың тізбегін айтып, жас егіншілердің «азіргі кездегі еңбектеріне, комсомол ұйымдарының жұмысына терең талдау жасамады. Баяндаманың осылай болуы жарыссөзге шығушылардың сөзіне әсер етпей қойған жоқ.

Аудандық комитеттің пленумы даурықпалы думан үшін шақырылмайды. Ол комсомол ұйымдарының жұмысына бүгінгі міндеттердің дәрежесіне сай бағыт беруге тиіс. Аудандық комсомол комитетіндегілер мұны неге ұмытпады.

**С. ҚАНАФИН,**

ұйымдастыру пайдасы зор. Мұндай бригадалар Белоусовка руднигінде құрылған. Олардың барлық мүшелері бұрылаушының, тіреу қоюшының, скрепершінің, электр слесарьдің мамандығын

### Тың игеріліп жатқан аудандарға оwoщ жөнелтілуде

**ШЫМКЕНТ, (ҚазТАГ).** Помидор мен орте піскен қапустаның 15 вагоны Шымкент және Манкент станцияларынан жөнелтілді. Олар Солтүстік Қазақстан, Бөкшетау, Ақмола, Қарағанды, Павлодар облыстарының тың жерлерде ұйымдастырылған жаңа астық совхоздарына жіберілді.

Оңтүстік Қазақстан колхоздары оwoщты бітік өсірді. Сайрам, Георгиев, Түлкібас, Шымкент аудандарында оwoщ өнімі

реыс жолын төсейді, ауа өткізетін жолды кеңейтеді. Бригада проходжалаудың жылдамдығын қысқа мерзімнің ішінде екі есе арттырды. Қазіргі кезде ол айына 150 метр вен қабатын проходжалау үшін жүресуде.

өткен жылдағыдан біржарым еседей артық жыйналады, деп күтілуде. Облыстық тұтынушылар одағы тың жерлердегі жаңадан қоныстанушыларға арнап оwoщ сатып алу үшін колхоздармен шарттар жасасты. Тез бұзылатын оwoщты тасу мерзімдерін қысқарту үшін жұмысшылар және транспорт бөлімді. Олардың көмегімен оwoщ өнімі тікелей жыйналған жерінде тиеліп жөнелтілетін болады.

лық тапсырмаларын 1,5—2 еседен асыра орындап жүр.

көрек.

**С. БЕЙСЕНБАЕВ.**

### Бір жұмыста 25 жыл

Андрей Степанович Ткачук вагон-жәнеу депосында 25 жыл ұста болып істейді. Өз мамандығын сүйетін ол алғашқы жылдардан-ақ депоның таңдаулы ұсталарының қатарына қосылды.

Ұста цехында жасалатын бөлшектер мен тетіктердің ең күрделілері Андрей Ткачуктің қолынан өтуі тегін емес. Бір жұмысқа өз өмірінің 25 жылын арнаған Андрей Ткачук ұсталық мамандықта бай тәжірибе жыйнаған. Қарт ұста ең алдымен жұмыс уақытын жұмсау әдістеріне өте жетік. Ол ірі тетіктер көріктеу өлшем кызып болғанша жай қарап отырмайды.

Ұсақ бөлшектерді қыздырып өңдеуде өткізеді. Ұсақ тетіктерді өңдеген кезде технологиялық ережелерге сәйкес көріктің қызуын сәл азайтады. Сөйтіп вагондарға қажетті бөлшектерді өңдеуде ардайым жақсы нәтижелерге ие болып жүр.

Ұста Андрей Ткачук жуырда екі көрікте бірдей жұмыс істеуге көшті. Партияның XX съезі құрметіндегі жарыс күндері депоның таңдаулы ұстасы екі көрікте шапшаң жұмыс істеп, сменалық тапсырмасын үнемі 190—200 проценттен орындап жүр.

**А. ЖУМБАЕВ**

## ПАРТИЯ ОҚУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ІСІНЕ БАСА НАЗАР АУДАРЫЛСЫН

Коммунистердің, басшы кадрлардың неғұрлым идеялық дәрежесі жоғары болса, олардың солғұрлым өндірістегі қызметі нәтижелі, бұқарамен байланысы тығыз болады. Партия насихаты Коммунистік партияның ішкі және сыртқы саясатының ғылыми негіздерін терең ашып, совет адамдарының күнбе-күнгі жұмысын біздің коммунизмге қарай дамуымыздың ұлы перспективаларымен байланыстыра білуге тиіс.

СОКП Орталық Комитетінің партия оқуы жүйесіндегі еріктілік принципі туралы нұсқауын орындай отырып, Солтүстік Қазақстан облысының партия ұйымы кадрлардың саяси оқуына, оның мазмұнына назарды күшейтті. Еріктілік принципі коммунистердің білімін көтеру жөніндегі міндетін шешуді, бұл жөнінде инициатива көрсетуді өздеріне берді.

Өткен оқу жылының қорытындысы партия ұйымдарының сабақтар мен лекциялардың идеялық мазмұны мәселелеріне деп назар аударғанын, доғалық пен заттаушылыққа қарсы күресті күшейткенін көрсетті. Насихат жұмысы өзінің мазмұны бойынша қызықты болған жерлерде ол өмірімен байланысты, тыңдаушыларға түсінікті болып өтті.

Мәселен, Қонюхов аудандық партия комитеті маркстік-лениндік ілімді өздігінен үйренушілерге теориялық және методикалық мәселелер жөнінде зор көмек көрсетті. Ауыл шаруашылығының экономикасын үйрену жөнінде партия-совет активінің семинары үздіксіз жұмыс істеп, онда теориялық лекциялар мазмұнды оқыды. Майбалық және Баян МТС-тері жағындағы партия мектептерінің де жұмысы нәтижелі болды. Осы сыяқты Ленин ауданының «1 Май» колхозы, Қонюхов ауданының Катанович атындағы, «Лодос», «Красная крепость» колхоздары

партия ұйымдарының жаңындағы саяси мектептердегі коммунистердің оқуы жүйелі өтті. Өткен оқу жылында облыста өздігінен оқушылардың саны 6 мыңдай адамға жетті. Өздігінен оқу әдісі сыналған әдістердің бірінен саналады. Тәжірибе мынаны көрсетті: классиктердің еңбектерін өздігінен терең үйренген адамдар ғана марксизм-ленинизммен жүйелі білім ала алады. Партиямыздың теориясы мен тарихын өздігінен үйрену коммунистердің саяси әдебиетті оқуға деген ынталылығын арттырып, бос уақыттарында әдебиетті оқуға әдеттесіреді.

Өздігінен оқушылардың жұмысына дұрыс басшылық жасаудың маңызды бір түрі әрбір коммунистің даярлығы мен тілегін еске алу болып табылады. Партия ұйымдарынан өздігінен оқушыларға оперативті басшылық ету, олардың қажетін күнбе-күн біліп отыру талап етіледі. Өздігінен оқушылардың жағдайымен еселестпей, олардың бөріне бірдей біржәлкі жоспар және жеке шығармаларды үйрену жөнінде уақыт белгілеу дұрыс болмайды. Теорияны өздігінен үйренушілерге көмекпен бақылау жасаудың алуан түрлері бар. Идеологиялық мәселелер жөнінде үнемі жеке әңгімелер, жеке бір күрделі тақырыптар бойынша өзара теориялық әңгімелер ұйымдастыру, семинар сабақтарын, лекциялар мен консультациялар ұйымдастыру қажет. Сонымен бірге коммунистерді бұқаралық-саяси жұмысқа қатыстырып, оларға әңгіме өткізу, баяндама жасау, лекция оқу жөнінде тапсырмалар берген жөн. Мұның өзі коммунистердің өздігінен оқуына бақылау жасауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты кейбір партия ұйымдарының секретарьлары өздігінен оқушы коммунистермен олардың оқуы жөнінде әңгімелесу партия оқуы жүйесін-

де еріктілік принципі бұрмалау болып табымай ма деп сұрақ қоюы мүмкін. Еріктілік принципі коммунистердің оқуымен араласпау мәселесімен сыбыспайды. СОКП Ұстағы партия мүшелерін өзінің саналылығын арттыру жолында, марксизм-ленинизм негіздерін үйрену жолында үнемі жұмыс істеуге, ал партия ұйымдары коммунистердің Ұстав қойған міндеттерді орындауына бақылау жасауға міндеттеді. Олай болса әңгіме коммунистердің оқуы немесе оқымауы жөнінде емес, олардың не оқып жүргені, қалай оқуы жөнінде болып отыр.

Сонымен қатар СОКП Орталық Комитеті айыптаған коммунистерден жеке оқу жоспарын талап ету сыяқты бақылаудың түрлерін жою қажет. Тәжірибе барлық коммунистерді консультанттарға бекітудің қажеті жоқ екенін көрсетеді. Бірақ бұнан маркстік-лениндік теорияны өздігінен алғашқы рет үйренушілерге консультанттар көрегі жоқ деген ұғым тұмайды. Коммунистермен кездескенде консультанттар тек «бақылаушының» ролін атқаруға тиіс емес, өздігінен үйренушілерді тақырыптың негізгі идеяларымен таныстырып, белгілі бір шығарманың тарауларын үйрену және конспект жасау жөнінде кеңес беруге міндетті. Мұнда әрбір елді пұшпақта бола алатындай етіп жылжымалы консультация ұйымдастыру қажет. Партия комитеттерінің насихат және үгіт бөлімдерінде село коммунистері үшін консультация ұйымдастырудың айлық жоспарлары болуға тиіс.

Коммунистерге көмек көрсетудің маңызды құралы лекциялық насихат болып табылады. Алайда, өткен оқу жылында бірқатар партия ұйымдары бұл іске жете назар аудармады. Бұл дұрыс емес, коммунистердің тілектерін терең зерттеп, лекциялардың тақырыптарын кеңей-

ту, оны тыңдаушылардың әртүрлі топтарына бейімдеу қажет. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, даярлығы жем оқушылар үшін маркстік-лениндік теория жөнінде жалпыға арналған лекцияларды, сондай-ақ «Біздің Советтік Отанымыз», «Дүние жүзі картасында» циклілеріне, халықтық демократия елдерінің өмірі туралы, Совет Одағының сыртқы саясаты мәселелері жөнінде лекциялар ұйымдастыру қажет.

Лекциялар ұйымдастыру ісі мұнымен бітпейді. Лекцияларды тыңдағаннан кейін коммунистердің тиісті әдебиеттерді оқуы арқылы білімдерін тереңдетуге жетісу қажет. Сонымен қатар коммунистер өздері түсінбеген мәселелерді анықтау үшін семинарлар мен өзара әңгімелер ұйымдастыру қажет.

Кадрлардың маркстік-лениндік даярлығын арттыруда экономикалық білімді үйренудің маңызы зор. Экономикалық білімді терең үйрену кадрларға шаруашылық және мәдени құрылысқа дұрыс басшылық етуде ішкі резервтерді тиімді пайдалану үшін көмектеседі. Тәжірибе көрсетіп отырғандай социалистік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының нақтылы экономикасы жөнінде семинарлар, экономикалық мектептер мен лекторийлер ұйымдастыру өте пайдалы. Әдебиетті өздігінен оқу мен оны коллектив болып талқылауды байланыстырған семинар оқудың маңызды түрі болып табылады. Экономикалық мектептер мен лекторийлерді және семинарларды қалалық және аудандық партия комитеттерінде ғана емес, совхоздар мен МТС-терде, ірі колхоздарда, өнеркәсіп орындарында да ұйымдастырып, кадрларды, ең алдымен шаруашылық кадрларын экономикалық білімдермен қаруландырып отыру қажет. Мұның өзі олардың шаруашылық жұмысқа басшылық ету дәрежесін арттырады.

Лекциялардың идеялық-теориялық дәрежесі насихатшы кадрлардың құрамына, олардың теориялық және методикалық даярлығына байланысты. Сондықтан насихатшы кадрларын іріктеп алу, орналас-

тыру жұмысы партия комитеттерінің маңызды міндеттерінің бірінен саналады.

Бізге материалды түсінікті баяндай алатын насихатшылар аз емес. Мәселен, Соколов ауданындағы Молотков, Новиков, Рогов, Бессонов сыяқты насихатшылар өздерінің әңгімелерін колхоз өмірімен байланыстырып, қызықты өткізеді. Сабақты мазмұнды өткізу үшін насихатшылар оған көп дайындалу керек. Ол бұл үшін қосымша әдебиеттерді оқып, тақырыпқа байланысты көркем әдебиеттен белгілі үзінділер өзірлеп, сабақта мұны және көрнекі құралдарды пайдалана білуге тиіс.

Қалалық және аудандық партия комитеттері насихатшы кадрлармен тиісті жұмыстар жүргізуге міндетті. Семинарларда насихат жұмысының практикалық мәселелері талқыланып, алдағы сабақтың тақырыптары жөнінде және еліміздің ішкі және сыртқы өмірінің маңызды мәселелері жөнінде лекциялар ұйымдастыру қажет. Бұл семинарларда аудандық партия комитетінің секретарьлары мен аудандық Совет атқомінің председателдері және басқа да басшы қызметкерлер баяндама жасап, насихатшыларды кезекті саяси-шаруашылық науқандардың міндеттерімен таныстыру керек.

Өткен жылы бірқатар коммунистер оқыған материалдары бойынша конспект жасамады. Бұл жағдай маркстік-лениндік шығармаларды үйренуді қыйындатты. Конспект материалды жақсы игеруге көмектеседі. Сонымен қатар ол кітапшене жұмыс істеуге, өзінің ойын қағазға түсіре білуге көмектеседі.

Жұртқа мәлім, бірқатар коммунистер жалпы және саяси білімдерінің кемдігінен теорияны өздігінен үйрену амайды. Сондықтан олар саяси мектептер мен үйірмелерде оқиды. Өткен жылы Шолудин, Октябрь, Приеним аудандарында даярлығы кем бірқатар коммунистер өздігінен үйренушілердің тізіміне жазылды, оларға оқудың қолайлы түрін таңдап алуына ешкім көмектеспеді. Келешекте бұл қателіктер-

ді қайталауға болмайды. Жалпы білімі және саяси даярлығы кем коммунистер үшін оқудың ең қолайлы түрі ретінде саяси мектептерді ұсыну керек.

Еріктілік принципі негізінде партия оқуы жүйесін дұрыс ұйымдастыру үшін жаңа оқу жылына әзірлікті көзірден ұстап кеңінен өрістетуге қажет. Бұл жұмыс әрбір коммунистен жеке жұмыс істеуді, олардың тілектері мен даярлықтарын есепке алуды, сонымен қатар семья жағдайларын ескеруді қажет етеді. Тек осылай болған күнде ғана коммунистерге білімдерін арттыру жөнінде дұрыс кеңес беруге болады.

Маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілердің санының көбеюі партия комитеттері кітапханаларына зор міндеттер жүктейді. Кітапханалар өздігінен үйренушілер үшін лекциялар, консультациялар, методикалық советтер ұйымдастыруға тиіс. Кітапханаларда көрнекі құралдар, саяси және көркем әдебиеттердің тізімдері, газеттер мен журналдардан кесінділер және басқа материалдар әр уақытта болуға тиіс.

Партия ұйымдары партия оқуы жүргізудегі жаңа оқу жылына әзірлене отырып, комсомол оқуы жүйесін ұйымдастыру ісін бақылауға алулары керек. Партия комитеттері таңдаулы насихатшыларды комсомол оқу жүйесіндегі үйірмелер мен саяси мектептерге беру, комсомолдардың жалпы және саяси білімдерін көтеруіне қамқорлықты күшейтулері керек.

Бірінші октябрьде барлық жерлерде партия және комсомол оқу жүйелерінде сабақ басталады. Партия, комсомол ұйымдары әзірлік жұмысында орын алған кемшіліктерді дереу жойып, біздің кадрларымыздың саяси білімге деген ынталылықтарын арттыра беруге тиіс.

**Қ. НУҒЫМАНОВ,**

Қазақстан КП Орталық Комитетінің нұсқаушысы.

## Колхозшылардың мәдени пілегі ескерілмеген

Бұл күндері Калинин атындағы колхозда егін жыйнау жылдай жүргізіле бастады. Колхозшылар мен механизаторлар мол астық алу күресінің шешуші шезені — егін жыйнау және астық дайындау маусымын қысқа мерзімде, ысырапсыз өткізу жолында қажырлықпен еңбек етуде. Олардың барлық күш-жігерін бұл аса жауапты маусымды жұмысты үлгілі өткізуге жұмылдыра отырып, егіншілердің мәдени тілектерін қанағаттандыруды тиімділікті ұйымдастыру, сөйтіп олардың жұмыстан бос уақыттарында мәдениетті түрде тынығуын қамтамасыз ету колхоз басшыларының маңызды міндеттерінің бірі екендігі даусыз. Бірақ аталған колхоздағы мәдени-ағарту жұмыстарының жайы бұл міндеттер дәрежесінен мүлде төмен болып отыр.

Колхозда Калинин селолық Советінің оқу үйі жұмыс істейді. Оның кітап қорында 1500-ден астам ауылшаруашылық, ғылыми-көпшілік, техникалық және өркениет әдебиеттері бар. Бұл мал фермалары мен барлық бригадаларда ұйымдастырылуға тиіс қызыл мүйіздерді жаңа кітаптармен үзбей жабықталуға әбден жетеді. Мұндай қызыл мүйіздер көптеп өсіріліп алғашқы күндерінде ұйымдастырылған да еді. Бірақ дала қостарында қызыл мүйіз ұйымдастыруға орын жоқ деген дәлелсіз себеппен бұл кітаптар қайтадан жыйналып алынды. Ал, көпшілікті кітапхана ұйымдастыру, сөйтіп егіншілердің жаңа кітаптармен танысып отыруына жағдай туғызу ешкімнің де есіне келген жоқ.

Колхоз председатели Ф. Суворцев, партия ұйымының секретары Счастливцев жолдастар:

— Мәдени-ағарту жұмыстарын қыс айларында, дала жұмыстары аяқталған кезде ғана, ойдағыдай жүргізуге болады. Көзір оған қол тимей жатыр, — дегенді айтады.

Ал анығында, мәдени-ағарту жұмыстарының нашар жүргізілуінің сыры олар айтқандай «қол тимейді» емес, колхоз басшыларының бұл маңызды іске мән бермеуінде жатыр.

Калиновка селосында ондаған мұғалімдер, ауыл шаруашылығының мамандары тұрады. Бұл мәдени-ағарту жұмыстарын жолға қоюда зор күш болып табылады. Тек оларды ұйымдастыра білу, мәдени-ағарту жұмыстарын негізінен дала қостарында жүргізуді қолға алу керек. Бұл жұмыста колхоз комсомол ұйымы инициатива көтеріп, басшылықты өз қолына алуы тиіс еді. Ама не, комсомол ұйымы, оның секретары Филишов мәдени-ағарту жұмыстарынан өз бойын аулаққа салып жүр. Ал оқу үйінің меңгерушісі Сәдуақасов егіншілерді мәдени қамтуды ұйым-

дестігін мүлде естен шығарған. Бұған дәлел ретінде оқу үйінің август айына жасаған жұмыс жоспарында егіншілер арасында концерттер беру, кітап оқушылар конференциялары мен лекция, баяндамалар ұйымдастыру мүлде белгіленбегендігін айтсақ та жеткілікті. Іс бұлай ұйымдастырылып отырған кезде дала қостарынан көркем әдебиет, музыкалық аспаптар және жаңа газет, журналдардың бірде-бірі болмауына таңдануға болмайды.

Калиновка селолық оқу үйі еңбекшілер тілегіне сай жұмыс істей алмауына қажетті жағдайдың толық жасалмауы да көп әсер етуде. Бұған ең алдымен селолық Совет атқомінің (председатели В. Суворцев) кінәлі екендігін атап айтқан жөн. Оқу үйі селолық Совет үйінің ауыз бөлмесіне орналасқан. Стол, орындықтармен жабықталмаған тар бөлмеде кітап, журнал оқуға, шахмат, дойбы ойнауға ешқандай мүмкіншілік жоқ екендігі айтпаса да белгілі. Тіпті селолық Совет оқу үйіне арнап кітап шкафы мен музыкалық аспаптар да сатып алмаған.

— Соның салдарынан, — дейді Сәдуақасов жолдас, — біз кітаптар сақтауға колхозшылардың шкафын, ал кітап оқушыларымыз үшін мектептің столын пайдаланып жүрміз. Әзірше бұл қолайсыздықтың қаншаға дейін созылатынын Суворцевтің өзі де білмейді.

Селолық Совет председатели В. Суворцев оқу үйінің салынуына қажы және жұмыс күшінің жетіспеуімен түсіндіреді. Бұл жерде ол тарапқырдың мәдениет ошақтарын салу жөніндегі үндеуін талқылаған кезде колхозшылар өңізген бағалы ұсыныстарды, ең алдымен олардың инициативасын естен шығарған сыяқты. Олай болмаған күнде колхозшылардың жұмыстан бос уақыттарын пайдалана отырып-ақ жаңа оқу үйін салып алуға әбден болар еді. Ал, басқа мәдени-жабықтар алуға қажы жетіспейді деген орынсыз сылтауды еңбекшілерді мәдени қамту ісіне негізгі қараушылықтың салдары деп қана түсінуіміз керек.

Калинин атындағы колхоз Приешім ауданындағы ірі шаруашылықты артельдердің бірі. Колхоз шаруашылығы өсіп, экономикасы нығайған сайын колхозшылар мәдени-тұрмыстық жағдайдың да жақсара түсуін талап етеді. Бұл орынды талапқа қоңы болмауға тіпті де болмайды. Сондықтан колхоз басқармасы мен партия ұйымы, селолық Совет орын алған бұл кемшіліктердің жойылуын дереу қолға алып, оқу үйін селодағы шын мәнінде мәдениет орталығы болу үшін қам жасаулары керек.

**Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ,**  
(арнаулы тілшіміз).

## „Сталин жолы“ колхозында Жаңа құрылыстар

Быйыл колхозда 700 бастық қой қорасы, 100 бастық бұзау қорасы салынды. Колхозда бұдан басқа сыйымдылығы 10 мың центнерлік астық қоймасы салылып жатыр.

Құрылыс жұмыстарында тәжірибелі ағаш шеберлері Оңайбаев, Мырзабеков, Борлықбаев, Гермер жолдастар қажырлы еңбек істеп жүр. Колхоз басқармасы былайғы жылы колхозда жаңа клуб салуды жоспарлаған болатын. Жақында колхоз балташылары жаңа клуб үйін салу ісін аяқтады. Клубтың жанында кітапхана және оқу залы бар.

Алдары жылы колхоз басқармасының кеңесіні, 100 сыйыр сыятын қора салу жоспарланып отыр.

### Электр станциясы

Колхозда 15 киловаттық күші бар жаңа электр станциясы жұмыс істей бастады. Көзір қырмандағы негізгі жұмыстар электр қуатымен істеледі. Электр станциясы жеті жылдық мектепке, колхоз басқармасының және ауылдық Советтің кеңселеріне, колхозшылардың тұрғын үйлеріне жырық береді.

### 861 тонна сүрлем

Колхозшылар Преснов МТС-нің механизаторларымен бірлесе отырып, быйыл 861 тонна сүрлем дайындады. Мұның ішінде 500 тонна жүгері, 200 тонна қамыс балдырлары, 161 тонна шөп сүрленді.

### Қарттар табысы

Ауылшаруашылық артелінің қарттары мал азығын дайындауға белсене қатысты. Олар өз алдына звено құрып, жаз айларында қолшалғымен 3050 центнер жемшөп дайындады. С. Мырзағұлов, К. Жаңсағынов, Ә. Рахметов сыяқты қарттар мал азығын дайындауға белсене қатысқандықтары үшін колхозшылар тарапынан бұрынғыдан да зор сый-құрметке де болып отыр.

**Р. УӘЛІЕВ,**  
Преснов ауданы.

### Селолық кітапханада

«Колос» ауылшаруашылық артелінің (Конихов ауданы) селолық кітапханасы үлгілі мәдени-ағарту орындардың бірі. Кітапхана меңгерушісі Раиса Ямщикова жолдас егіншілер мен механизаторлардың мәдени тілегін қанағаттандыру жұмысын ойдағыдай ұйымдастыра алған. Ол әсіресе колхозшылар қажет өтіп отырған түрлі әдебиеттерді оларға жеткізіп беру жұмысын дұрыс ұйымдастыру және колхозшылар арасында мәдени-ағарту жұ-

# Анри Барбюс

(Қайтыс болғанына 20 жыл толуына)

Француз халқының ұлы жазушысы Анри Барбюс өзінің бүкіл саналы өмірін халық бейнесі үшін күрес жолына арнады. Ол өз халқын шын сүйген, капиталистік құрылысты, буржуазиялық құрылысты барыпша жек көрген, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің империалистік соғыс пен фашизмге қарсы біріккен майданының жаршысы, пролетарлық революцияның ұлы күрескері болды.

Анри Барбюс әдебиет майданына XIX ғасырдың соңғы жылдарында келді. Бұл уақытта француз әдебиетінде империализм қайшылықтарының шиеленіскен дәуіріндегі буржуазиялық идеологияның бір көрінісі — декадентство кең өріс алған еді. Бұл жылдары сары уайымға салынушылық, шындықтан ауытқушылық, күйреген буржуазиялық иллюзиялардың алдында торығып, өмірден безушілік француз интеллигенциясының бірқатарын баурап алған-ды. Осы көріністен интеллигенцияның әдебиет пен искусстводағы өкілдері — декаденттер искусствоның әлеуметтік және қоғамдық ролін жоққа шығаруға тырысты, искусство халық тағдырына немқұрайды, бейтарап қарайды, «искусство искусство үшін» деп уағызлады.

Торығып тоқырауға, кері кетуге ұшыраған әдебиет пен искусствоны күйреу апатынан сақтап қалу үшін француз интеллигенциясының алдыңғы қатарлы, саналы өкілдері декаденттерге қарсы күреске шықты. Соның бірі әдебиетке жаңа келген Анри Барбюс еді.

Анри Барбюстің 1895 жылы шыққан «Жоқтаушылар» атты алғашқы жыйнағы декаденттер әдебиетінің жалшы ағымынан аулақ болса да, сол кездегі декаденттік поэзияға тән жалғыздық пен сарыуайым-шылдықтың жылғауық сарыннан құр емес еді. Бұл әуен оның 1903 жылы жазылған «Жалбарынушылар» романында да байқалады. Романның геройы Максимилиан шыңдық іздеп, азап шегеді, ақыр аяғында іздегенін таба алмай, өмірден түңіліп, қоғамнан оқшауланып, «барлығы мен, мен де, менің жүрегімде ғана» деген жалған қорытындыға келеді. Автор мен оның геройы «жүрек даусына» құлақ түргенімен, барлығына жайбарақат немқұрайды қарайтын, қоғамнан бөлінген эгоист дәрежесінде қалады.

1908 жылы жарыққа шыққан «Тамуқ» атты роман Анри Барбюс көзқарасында елеулі өзгерістер мен бетбұрыстар болғандығын байқатады. Бұл роман да пессимизмнен құр емес еді. Алайда жазушының әшкереушілік күші мен таланты оқушысын капиталистік құрылыстың көп-терек қайшылықтарының әлеуметтік негізін іздеп ойлауға өзінің мәдени өтті-


соғысқа қарсы идея туғызады. Кітаптың империалистік соғыстың құйыны қуған геройлары тар оқиға ішінде табысады. Келешегі бейбіт еңбектің адамдары бүгін өзі сыяқты адамдарды жазықсыз өлтіруді күтіп отыр. Не үшін, кім үшін, оның жазығы не? деген ойларымен майдан пролетарлары тарихи шындықты түсіне бастайды. Енді олар өздерінің алдауға түскендігін және капиталистердің соғыс арқылы байып отырғандығын біледі. Сөйтіп алдаудың құрбандығы болған қатардағы солдаттың санасы оянып, шындыққа

рында ол «Россия» деген кітап жазды.

Ал 1932 жылы екінші рет келу сапарында жазған романында Барбюс социализм елінің, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің ұлы көсемі В. И. Лениннің сенімді серігі И. В. Сталин жолдастың образын жасады. Роман бүкіл әлемге Совет Одағы, біздің жасампаз адамдарымыз, туысқан Коммунистік партиямыз туралы ұлы тарихи шындықты танытты. Бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі И. В. Сталин жолдастың өмірін жаза отырып, Барбюс барлық саналы өмірін революция ісіне арнаған ұлы революционердің образын жасап берді. Кітаптың әрбір сөзі революциялық үгітке толы: басынан аяғына дейін революция ісіне берілгендікке, оның жеңісіне сенуге, сол жеңістің айтағы Совет Одағын сүйуге тәрбиелейді.

Ұлы жазушы Анри Барбюс творчестволық жұмыспен қатар өз өмірінің ішінде көптеген қоғамдық жұмыстар жүргізді. Оның қоғамдық жұмыстары түгелімен бейбітшілікті қорғау ісіне пролетарлық революция ісіне арналды. Ол 1917 жылы соғысқа қатынасқандардың республикалық ассоциациясын ұйымдастырды. Соғысқа қатысқандарға көмек көрсету, олардың праволарын қорғау мақсаттарында құрылған, Барбюс бастаған бұл шарық ұйым кейін «соғысқа қарсы соғыс», болашақ бунды соғыс алатына күткәру, шын мәніндегі демократиялық құрылыс орнату бағытында күрес жүргізді. Ұйымның 1919 жылы Лондонда болған ұлттық конгресі Барбюстің ұсынысы бойынша соғысқа қатынасқандардың халықаралық ұйымын құру туралы қаулы алды. Сөйтіп Женева мен Венада болған халықаралық конгрестер соғысқа қатынасқандардың интернационалы ұйымдастыруға шешім алды. 1919 жылы Анри Барбюс «Кларте» атты соғысқа қарсы ұйым құрды. Бұл ұйымның алдына халықтар арасында бейбітшілік орнату, соғысқа қарсы күрес жүргізу мақсаттары тұрды. Ұйымға Анатоль Франс, Герберт Уэллс, Ромен Роллан, Томас Гарди, Стефан Цвейг сыяқты дүние жүзі әдебиетінің көптеген көрнекті өкілдері кірді. Барбюс ұйымның манифестін өзі жазып, онда капиталистік құрылыстың құрып, шіріп бара жатқандығын, демократия күшінің өсу қарқынын реакция мен прогресс арасындағы осы ұлы күресте жазушының ролі мен орнын анықтап берді.

Анри Барбюс өзінің публицистикалық еңбектерінде империалистік соғыстың фактілерін келтіре отырып, алам бейнесіндегі жұртқыштардың халықты екінші рет алдауына жол бермеуге, ол үшін оларды жер бетінен сыпырып тастауға шақырды. Анри Барбюс Совет елінің шын адал досы болды. Шетелдерде Советтік Россияға интервенцияны тоқтатуды талап еткен жұмысшылар қозғалысы кезінде ол 1919 жылы басылған «Біз айыптаймыз» деген зор роль атқарған мақала жазды. Барбюс мұнда Совет Республикасын тұншықтыру үшін жаңталасып жатқан контрреволюцияға қарсы күреске шақырды. «Ұлы халықты қырғынға ұшыратып, сенімін күйретуге жол бермеу керек, өйткені оның сенімі біздің сеніміміз, орыс өмірінің шындығын қорғау арқылы, адам баласы өмірінің шындығын қорғаңдар!»



қолы жетті. Сөйтіп, Барбюс адамның соғыста шыңдалған революциялық санасын француз әдебиетінде бірінші болып көрсетті.

Анри Барбюс өзінің публицистикалық еңбектерінде империалистік соғыстың фактілерін келтіре отырып, алам бейнесіндегі жұртқыштардың халықты екінші рет алдауына жол бермеуге, ол үшін оларды жер бетінен сыпырып тастауға шақырды. Анри Барбюс Совет елінің шын адал досы болды. Шетелдерде Советтік Россияға интервенцияны тоқтатуды талап еткен жұмысшылар қозғалысы кезінде ол 1919 жылы басылған «Біз айыптаймыз» деген зор роль атқарған мақала жазды. Барбюс мұнда Совет Республикасын тұншықтыру үшін жаңталасып жатқан контрреволюцияға қарсы күреске шақырды. «Ұлы халықты қырғынға ұшыратып, сенімін күйретуге жол бермеу керек, өйткені оның сенімі біздің сеніміміз, орыс өмірінің шындығын қорғау арқылы, адам баласы өмірінің шындығын қорғаңдар!»

## Колхоз клубы

Преснов ауданы, Калинин атындағы колхоздың колхозшылары жаңа мәдениет ошақтарын салу жөніндегі тарапандардың бастамасына үн қоса отырып, жаңа клуб үйін салуға ұйғарған болатын. Құрылыс жұмыстарына 25 мың сом қаржы

бөлінді. Жаңа клубтің 150 орны бар зрительдер залы, кең сахнасы, көркемөнершілерге арналған бөлмелері болады.

Клуб қысқа дейін пайдалануға берілмек.

А. ЗӘЙКЕНӨВ.

## Село спортшыларының облыстық спартакиадасы

Бір айға жуық уақытқа созылған село спортшыларының спартакиадасына облысымыздың 300-ге жуық спортшылары қатысты. Жуырда «Динамо» стадионында футбол және волейбол жарыстары бойынша ауданаралық жарыстарда жеңіске ие болғандардың финалдық кездесуі

болды. Бұл кездесулер Октябрь ауданы футболшыларының жеңісімен аяқталды.

Волейбол бойынша жарыста Ленин ауданының командасы 1955 жылдың чемпионы деген атақты жеңіп алды.

Ю. ТОРОПКИН.

де көпшілік құрметіне бөленген.

Егін орағының басталуына байланысты қытапхана өзінің негізгі жұмысын дала қостары мен трактор бригадаларына көшірді. Мұнда ол өз жұмысын шаруашылық міндеттермен ұштастыра отырып, өгініштер мен механизаторлардың социалистік жарысын жандандыруда партия ұйымына нақтылы көмектер көрсетуде. Ямщикова жолдас ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында газет оқу, әңгіме өткізу жұмыстарымен қатар қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарды держезінде шығарып отырады. Онда еңбек озаттарының іс-әдістерін баяндайтын және жұмыста орын алған кемшіліктерді қатаң сынға алатын мақалалар жиі басылып тұрады.

Ғ. СӘЛІКОВ.

Романның басты мотиві болып табылатын адамдар «қайшылық пен кісі өлтірушілік» дәуірден жұлқынып шығып, туысқандық пен достық дәуірін орнатады деген идея оқушының әлгі ойына жауап береді.

Империализм саясатының шын астарына түсінбеген адал ниетті, ақкөңілді интеллигенттер тобы шовинистік пропаганданың «отан қорғау», «патриотизм» деген атты жамылған жалған, екіжүзді уағыздарына сеніп, алданып қалды. Соң ақкөңіл интеллигенттердің бірі Барбюс бірінші империалистік соғысты шын мәнінде демократиялық күш пен варварлық милитаризмнің арасындағы ақырғы шайқас деп түсінді. Бұл «қасиетті» және «әділетті» соғысқа қатысуды бейбітшілік пен адам бадасын өлтіру үшін жүресушінің борышы деп бағалаған, соғыс атаулыға жаны қарсы пацифист Барбюс 1914 жылдың август айында өзі тіленіп майданға келді.

Барбюс екі жылдай уақыт «майдан пролетарларымен» соғыстың қиын жолын өтті. Сулы, саз окопта өткен солдат өмірінің қатал шындығы жазушының көзін ашып, көңілін оятты. Ол өзінің қателескендігін, алдаудың құрбандығы болғандығын түсінді. Империалистік соғыстың түпкі негізіне, мәніне окопта, алдаудың құрбандығы болғандардың қатарында, өлім мен өмірдің сұрапыл шайқасы үстінде көзі жеткен Барбюс өз бетінше келіп, соғыс туралы тарихи шындықтың бетін ашты. Бұл шындық оның соғыстың отты жылдарында, окопта тұрған «От» деген романында баяндалады. Белгілі жүйеде дамайтын сюжеті жоқ, «Взвод күнделігі» деп аталатын бұл шағын кітап соғысқа қарсы жазылған әдеби шығармалардың ішіндегі бүкіл дүние жүзі әдебиетінде теңдесі жоқ шығарма болып табылады.

Автор өзі басынан кешірген империалистік соғыстың алуан түрлі картиналарын солдаттың қарапайым тілімен нанымды етіп суреттеу арқылы өз оқушысына

Барбюстің «Күрескердің сөздері» деген атпен басылып шыққан 1917—1920 жылдары арасындағы сөздері, мақалалары мен памфлеттері француз жұмысшы табы қозғалысының тарихына қосылған зор мұра болып есептеледі. Бұл кітапта Барбюс шын мәніндегі халықтың басшысы, тәрбиешісі есебінде көрінеді. Ол халықты революцияға шақырды, революцияның жеңісіне сенуге үндеді. «Біз жеңеміз, өйткені біздің жеңілуіміз ақыл ойдың, мораль мен ақиқаттың жеңілісі болар еді» деп жазды ол.

1919 жылы Барбюстің «Айқындық» атты соғысқа қарсы екінші романы шықты. Барбюс бұл романда буржуазиялық қоғамды әшкерелеумен ғана шектелмей, социалистік революция идеясын насихаттайды. Романның басты геройы өмірден оңашаланған, саясаттан хабары жоқ тоғышар Симон Полэн империалистік соғыстың қанды майданын өтіп, өмір таласына түсіп, ақырында екінші түрлі адам болып шығады. Кітаптың соңында біз барлығын «жоғарыдан төмен қарай» қайта құру керек, «бұғауды үзу керек, артықшылық атаулының бәрін жойып теңдік орнату керек» деп революцияға үндеген күрескерді көреміз. Тарихтың ұлы сабақтарының әсерімен санасы оянған жаңа адамның образын шетелдер әдебиетінде тұңғыш рет Барбюс осылай жасайды.

Барбюстің ұлы жазушы Э. Золя туралы шығармасы француз компартиясының ескі мұраға көзқарасының қалыптасуына көп көмек етті. Жазушы романда ескі мәдениетті мұрадан жаңа жағдайда қолайлысын лайықтап таңдап ала білу керек екендігін айтады, халықтың мәдени байлығының жауларын аяусыз әшкерелейді. Біздің елімізге Анри Барбюс алғаш рет 1927 жылы келді. Мұнда ол өзі аңсаған жаңа дүниені, жаңа адамдарды, іргесі қаланып жатқан социалистік қоғамды, халықтардың рабырлар бойы шөксеткен арманының орындалғанын көрді. Бұл сапа-

\*\*\*

## Комбайншыға көмекші

бесі» атты мақалалар жыйнағында бұл мәселелер кең қамтылған.

Жыйнақта Қазақстанның өңір комбайншысының мақаласы жарияланған. Олардың ішінде Жамбыл облысы, Чүйск МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері А. К. Соболевский, Семей облысы, Мақанчин МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Ф. Веха жолдастардың мақалалары бар.

Жыйнақтағы мақалалар негізінен озат комбайншылардың комбайнды өнімді пайдалану және ысыраққа жол бермеу үшін қолданған әдістерін баяндауға арналған. Кітаптың бір құнды жағы әр комбайншының әртүрлі мәселе жайын әңгіме етуінде. Мысалы, Чүйск МТС-нің комбайншысы

1932 жылы халықаралық атмосферада соғыс бұлты қюлана бастаған кезде Барбюс «Соғысқа қарсы бірігейік» деген тамаша памфлет жазып, Европа интеллигенциясын жаңа соғыс хаушіне қарсы күреске үндеді. 1933 жылы Парижде Барбюстің қатынасуымен Европа елдері өкілдерінің фашизмге қарсы конгресі өткізілді. Лейбциг процесі кезінде Барбюс Георгий Дмитров жолдасы құтқару ісіне белсене араласты. Неміс жұмысшы табының көсемі Эрнст Тельманның түрмеге түсуіне байланысты «Сен Тельманды білесің бе!» деген кітапша жазды.

Табанды революционер, талантты жазушы өз өмірінің ақырына дейін фашизммен бітпес күрес жүргізді. Ол Муссолиниді «айла шарығымен өз отандастарының көзіне топырақ шашып жүрген дүниежүзілік реакцияның громкоговорителі», ал Гитлерді «капитализмнің кезілді сұрқыя агенті ... ол кітаптарды өртеді, ол Рейхстагті өртеді, ол Европаны өртеуге тырысып жүр»,—деп жазды.

Анри Барбюс Франция әдебиетінде өз творчествосымен коммунистік партия позициясында еңбек еткен тұңғыш жазушы болды. Ленин айтқан принциптері партиялық әдебиет Францияда шын мәнінде Барбюстен басталады. Ол Францияның демократиялық әдебиетіне революциялық рух берді, оған социалистік реализмді батыл енгізді, өзінің барлық еңбегі мен қызметін, таланты мен қабілетін адамды революциялық шындықпен қаруландыруға, оның көзін ашып, санасын оятып, оған азат болудың ақиқат жолын көрсетуге арнады.

Бейбітшіліктің ұлт күрескері жалынды революционер, талантты жазушы Анри Барбюстің дүниежүзілік реакция мен империализмді әшкерелеуші өктем даусы бүгінгі күні өмір даусындай анық естіледі. Совет халқы өзінің адал досын әр уақытта еске сақтап, оның шығармаларын сүйіп оқиды.

Ж. МУСИН.

## Жаздық егіске арналған бүкіл жерде зябь жыртылсын

СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының елімізде астық өндіруді оған әрі арттыру жөніндегі қарарларын жүзеге асыра отырып, біздің республикамыздың ауыл шаруашылығының еңбекшілері үстіндегі жылы дәнді және басқа дақылдардың егіс көлемін мықтап ұлғайтты.

Кәзіргі кезде колхоздар мен совхоздардың егіс даласында жемісті зор жұмыс жүргізілуде—егін жыйнап, мемлекетке астық тапсырылуда, отамалы дақылдар күту, малға арналған жемшөп дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ауылшаруашылық жұмыстарының мұндай өте қызған кезінде колхоздар мен совхоздар 1956 жылы дәнді және басқа ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алудың негіздерін жасау үшін жүргізуге тиісті шараларды да ұмытпауы керек.

Ауыл шаруашылық дақылдарынан мол өнім алудың аса бір маңызды шарасы 1956 жылы жаздық егілетін бүкіл жерді дер мезгілінде әзірлеу болып табылады. Республиканың колхоздары, МТС және совхоздары келесі жылы егіске арнап көздің өзінде бірнеше миллиондаған гектар тың және тыңайған жер көтерді. Егін жыйнауды аяқтауына қарай олар босаған жерлерді 1956 жылы жаздық дақылдар егуге арнап жырту жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізуге тиіс.

Негізінен топырақты зябь етіп жырту гектар тың және тыңайған жер көтерді. кезінде көктемгі егісті қысқа мерзімде өткізудің зор мүмкіншіліктері туады, ал мұның егін шығымдылығын арттыру үшін орасан зор маңызы бар.

Әресе жырту алдынан 15—20 күн бұрын аңыз алдынала сыдыра жыртылғаннан кейін зябь жыртыс мұның өзі топырақты арамшөптердің басып кетуіне қарсы күресу шараларының бірі болып табылады. Зябь жырту мұнымен қатар топыраққа ылғал сақтауды қамтамасыз

етеді. Топырақта ылғал, жылу болса және ауа еркін жететін болса топырақта өсімдіктер сіңіре алатындай формада қорек заттарының қосымша запасын жасайтын пайдалы микроорганизмдердің тіршілік ету қызметі неғұрлым күшті білінетін болады. Мұның нәтижесінде ерте жыртылған зябьке егілген егіннің шығымдылығы кеш жыртылған зябьке орналастырылған егіннің шығымдылығынан әрдайым мол болып келеді. Орал селекция станциясының мәліметтеріне қарағанда, августа жыртылған зябьке егілген жаздық бидай бірнеше жылдар бойына өнімді сентябрьде жыртылған зябьке орналастырылған жаздық бидайдан гектарына орта есеппен 2,4 центнер, ал октябрьде жыртылған зябьке орналастырылған жаздық бидайдан 5,9 центнер артық берген.

Егіннің шығымдылығы мұнымен қатар зябьтің қандай тереңдікте жыртылатындығына байланысты. Ақмола облысы, Вишнев ауданының Молотов атындағы колхозында 1954 жылы терең жыртылған 93 гектар зябьке егілген арпа гектарына 18,6 центнерден өнім берсе, басқа жерде гектарына 12 центнерден ғана өнім берді. Республиканың тәжірибе және селекция станцияларының мәліметтері зябьті терең жыртудың (25-27 сантиметр) артықшылықтарын дәлелдеп отыр.

Зябьті 30 сантиметр, одан да терең етіп қайырмастан жыртуға елеулі түрде назар аудару керек. Қостанай облысындағы Карбалық селекция станциясының мәліметтеріне қарағанда зябьті қайырмастан терең жырту қосымша 18-20 процент өнім алуға мүмкіндік береді.

Үстіміздегі жылы республиканың солтүстік шығыс облыстарындағы көптеген колхоздарда 1954 жылғы күзде қайырмастан зябь жырту жұмыстары жүргізілген учасктердегі егіннің жағдайы анағұрлым жақсы. Солтүстік Қазақстан об-

лысы, Октябрь ауданының Киров атындағы колхозында күзде қайырмастан 50 сантиметр терең етіп жыртылған жерге егілген жаздық бидайдың өнімі әдеттегідей етіп жыртылған зябьтегі бақылау учаскесіндегі өнімнен 9 центнер артық болады деп күтілуде.

Әрбір трактор бригадасында зябь жыртуға белгілі мөлшерде трактор бөлу, слардың тәулік бойына тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, техниканы тиісінше күтімге алу және әрбір трактор бригадасының бескүндік тапсырмаларды, әрбір тракторшының сменалық нормаларын орындауына күнделікті бақылау ұйымдастыру керек.

Зябь жырту алдынан аңыз міндетті түрде сыдыра жыртылуы тиіс, бұл жұмыс дәнді дақылдар жыйнаумен қатар немесе оның ізінше жүргізілуі керек. Аңызды сыдыра жырту зябь жыртылғанға дейін арамшөптердің өсуіне қолайлы жағдай туызумен және топырақтағы ылғалды сақтаумен қатар жырту жұмысының неғұрлым сапалы болуын қамтамасыз етеді.

Егіс даласынан сабанды мезгілімен жыйнап алудың зябь жыртуды ойдағы өткізу үшін зор маңызы бар. Өткен жылдарда көптеген колхоздардың егіс даласында сабанның жыйналмай қалуы зябь жыртудағы тракторлардың босқа тұрып қалушылығына өкеліп соқтырады. Жыртылуға тиісті егіс даласындағы сабан егін жыйнаудың ізінше жыйналып майлануға тиіс.

Күздік дақылдарды агротехникалық ең қолайлы мерзімдерде егу, 1956 жылғы жаздық егістің бүкіл жерінде зябь жырту—мемлекеттік маңызы зор міндет. Оны орындап шығу—механизаторлардың, МТС және совхоз мамандарының, республика ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлерінің борышы.

Агроном А. КАРПОВ.

## Дрезден галереясы картиналарының Москвадағы көрмесінің жабылуы және картиналарды ГДР-ға табыс ету

Дрезден галереясы картиналарының көрмесі жабылып, картиналарды Герман Демократиялық Республикасына тапсыру басталды.

Бұл салтанатты іске Премьер-Министрдің Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі Лотар Болыц бастаған Герман Демократиялық Республикасының үкімет делегациясы, сол сыяқты ГДР-дің ССРО-дағы Елшісі Иоганнес Кенит келді.

Көрме ұйымдастырылған бейнелеу искусство музейінің залдарына совет жұртшылығының көптеген өкілдері, ғалымдар, искусство қайраткерлері жыйналды. Келгендердің ішінде ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары В. С. Семенов, ССРО Мәдениет министрінің орынбасарлары С. В. Кафтанов, В. С. Кеменов, РСФСР Мәдениет министрі Т. М. Зуева, ССРО көркемсурет Академиясының президенті А. М. Герасимов, совет суреткерлері Одағының Ұйымдастыру комитетінің председатели Б. В. Иогансон, Москвада тіркелген елшіліктер мен миссиялардың басшылары, совет және шетел баспасөзінің тілшілері болды.

Сөз сөйлеген ССРО Мәдениет министрінің орынбасары С. В. Кафтанов ГДР-дің Үкімет делегациясын және ГДР-дің Москвадағы Төтенше және Полномочиеді Елшісі Иоганнес Кенитті құттықтады. Ол мынаны еске түсірді: ССРО Министрлер Советі совет және герман халықтарының арасындағы достық қатынастарды нығайту және олар әрі дамыту мақсатымен Ұлы Отан соғысы кезінде Германияның территориясында болған ұрыстар кезінде Совет Армиясы аман сақтап қалған және Совет Одағында сақталып келген Дрезден галереясының картиналарын Герман Демократиялық Республикасына беруге қарар қабылдады.

Кафтанов жолдас Дрезден галереясының картиналарын көрмесінің совет адамдарына әйгілі екендігін, олардың аламуат мақтаныш етіп отырған классикалық искусствоның қазналарына өте ықылас аударып, құрметтейтінін атап көрсетті.

Келушілердің үздіксіз ағылуына қарамастан, музейдің залдары көрмені көруді тілегендердің тек шағын бөлегін ғана сыйғыза алды. Үш жарым айда Дрезден галереясының көрмесіне бір миллион 200 мыңға жуық адам келді.

Совет елінің еңбекшілерін Дрезден галереясының көркемсурет қазналарымен өте кең таныстыру мақсатында ССРО Мәдениет министрлігі толық метражды түрлі-түсті фильм жасады және оны таяу

бірге картиналарды тапсырудың тәртібі белгіленді. Совет Одағының ГДР-ге тапсыратын бірінші картинасы немістің ұлы суреткері Альбрехт Дюрердің «Жас жігіттің портреті» деген картинасы болады. Картиналарды тапсыру жұмысы Дрезден галереясының өте көрнекті картиналары көрмеге қойылған Москвадағы А. С. Пушкин атындағы бейнелеу искусствосының Мемлекеттік музейінде, сол сыяқты Киев қаласындағы Батыс және Шығыс искусствосының Мемлекеттік музейінде жүргізіледі, ал бұл музейде маңызды кемірек авторлар мен мектептердің картиналары, Дрезден галереясы жыйнағынан алынған қайталаулар мен көшірмелер бар.

Осы өте ұлы көркемсурет қазнасын Герман Демократиялық Республикасының Үкіметіне беру, деп атап көрсетті Кафтанов жолдас, Совет Одағы мен Германия халықтарының арасындағы нығайып келе жатқан достықтың айқын айғағы болып табылады.

ГДР үкімет делегациясының басшысы Лотар Болыц жауап сөзінде Совет Армиясының Дрезден галереясының картиналарын аман сақтап қалғаны үшін бүкіл неміс халқының атынан шын ниеттен алғыс айтатынын білдірді.

Картиналарды Герман Демократиялық Республикасына беру туралы Совет үкіметінің кеңейілдік көрсеткен қарары, деді ол, неміс халқының жүрегін тебірентті, Германияның екі бөлегінде де осы қарар жөнінде өздерінің қуанышын, өздерінің паттығын білдірген үндер қыйсақсыз көп болды. Совет үкіметі осы ісімен неміс халқы мен Совет Одағы халқының арасындағы достықты нығайту және дамыту ісін зор зор үлес қосты.

Лотар Болыц былай деп атап көрсетті, бірнеше ұрпақтар өмірінің бойында Дрезден галереясы дүниежүзілік живописьтің мұрасын зерттейтін өте маңызды орындардың бірі болып қызмет етті. Совет Армиясы галереяның баға жетпес картиналарын аман сақтап қалуы арқылы социалистік Совет Одағының гуманизм рухын көрсетті, ал мұның өзі басқа халықтардың мәдени қазналарына өте күшті құрмет болып табылады. Бұл картиналарды жақын арада Берлин мен Дрезденде көретін адамдар совет халқының картиналарды аман сақтап қалу жөніндегі ерлік ісінің аса зор маңызын ешуақытта да ұмытпайды.

Дрезден галереясының таңдаулы шығармаларын неміс халқына беру бейбітшілік күштеріне, Европада және бүкіл дү-

табылады. Мұның өзі, сонымен қатар Совет Одағы тарапынан неміс халқына және бейбітшілікті қамтамасыз етуге, барлық халықтармен достық ынтымаққа даяр тұруға көмектесетін жаңа Германияны құру жөніндегі оның күш-жігерлеріне көрсеткен құрметтеу белгісі болып табылады.

Л. Болыц былай деп мәлімдеді: Герман Демократиялық Республикасының халықтар арасында бейбітшілік пен достық саясатын жүргізу фактісі оның совет халықтарының, сол сыяқты басқа бейбітшілік халықтардың сеніміне ие болуына көмектесті. Герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы, Германияны бейбітшілік және демократиялық негізде біріктіру жолындағы біздің күресіміз бұл сенімді нығайтуда. Бүгін Герман Демократиялық Республикасы үкіметінің атынан біз бейбітшілікті сақтау жолындағы, Европада коллективтік хауіпсіздік системасын жасау жолындағы және біздің ұлттық өмірлік маңызды мәселелерімізді бейбіт, демократиялық жолмен шешу жолындағы күресті бәсеңдетпейтінімізді мәлімдеуге маған рұқсат етіңіздер. Бүгін маған Герман Демократиялық Республикасы үкіметінің атынан тек Герман Демократиялық Республикасы халқының тарапынан ғана емес, сонымен бірге біздің бүкіл неміс халқы тарапынан да Совет Одағымен достықты нығайтып, дамыту үшін барлық күшімізді жұмсайтынымызды мәлімдеуге рұқсат етіңіздер.

Біз Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкіметіне және бүкіл совет халқына Дрезден галереясындағы искусство шығармаларын аман сақтап қалғаны, сақтап қалғаны және қайтарып бергені үшін, неміс халқына шын ниетті достықтың осы жаңа белгісі үшін шын жүректен алғыс айтамыз.

Біздің шын жүректен алғыс айтып отырған достарымыз — мәңгілік достар болмақшы!

Герман Демократиялық Республикасы мен Советтік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекеттік гимндерінің үні естіледі.

ССРО Мәдениет министрінің орынбасары С. В. Кафтанов жолдас ГДР Үкімет делегациясының мүшелерін және Совет жағының өкілдерін картиналарды тапсырудың тәртібі туралы бірге жасалған протоколға және Дрезден галереясының қазнасындағы бірінші картинаны неміс халқына тапсыру туралы актіге қол қоюға шақырды. Фотоаппараттың затворлары сырт-сырт етіп жатты. Фоторепортерлер

### ЕГИПЕТ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

КАИР, 27 август (ТАСС). Баспасөздің хабарлары бойынша, Египеттің премьер-министрі Гамаль Абдель Насер Американың Египеттегі елшісі Байроудты қабылдап, оған мәлімдеме жасаған, мәлімдемесінде Солтүстік Африка елдеріндегі ұлт-азаттық қозғалысты түншықтыру үшін НАТО қарулы күштерін пайдалануды айыптаған. «Иджишн мейл» газетінің жазуына қарағанда, Насер мұны бүкіл арабтарға қарсы жаулық актісі деп сыйпаттаған.

Ресми хабарларда былай делінген: Насер Байроудқа Египет үкіметі НАТО қарулы күштерін Солтүстік Африкада пайдалануды «тек қана Франция тарапынан болып отырған жаулық актісі емес, Францияның бұл қыймылына жол берген Солтүстік-атлантика шартына қатысушы елдердің барлығының тарапынан болған жаулық актісі» ретінде қарайды деп мәлімдеген.

Премьер-министр «американ елшісіне Мароккодағы оқылғанын өсе түсін және өз бостандығы мен өз правосы жолында күресуші қарусыз адамдарға зорлық актісінің етек алуы жөнінде Египеттің тынышсызданатындығын айтты».

Насер елшіден бұл мәлімдемені американың үкіметіне жеткізуді өтінді.

### ФРАНЦИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ПАРИЖ, 27 август (ТАСС). Париж баспасөзінің хабарлары бойынша, кәзіргі уақытта болып жатқан ереуілдердің ішінде, Батыс Францияның өнеркәсіпті қалаларындағы және Дюнкерк пен Тулондағы кеме жасау верфтеріндегі жұмысшылар мен кәсіп иелерінің арасындағы еңбек шиеленісі өте-өте елеулі сыйпатта болып отыр.

Гаврдағы барлық металл өңдеуші кәсіпорындардың жұмысшылары бұрынғысынан ереуіл көтеруде. Құрамында кәсіп иелерінің өкілдері мен жұмысшылардың өкілдері бар комиссия ешқандай шешімге келе алмады. Тулондағы «Форж Э Шантье» заводы жұмысшыларының ереуілі әлі тоқтаған жоқ. Ла-Сен қаласындағы «Фондери де Прованс» металлургия заводында жалақыны 22 процентке өсіруді талап етуші жұмысшылардың ереуілі жарияланды.

Ла-Рошель қаласында көптеген өнеркәсіп орындарында және кеме жасау верфтерінде жұмыс тоқтатылды. Кешеден бері Туниис докерлері ереуіл көтеріп жатыр, олар Туниис еңбекшілері жалпыға бірдей одағының жалақыны жаңай 30 процентке арттыру жөніндегі талабын өкімшілік орындарының қанағаттандырудан бас тартуларына қарсы наразылық білдіруде.

Кеше таңертеңнен бастап Лорианның құрылысына жұмысшылары ереуіл бас-

### Совет ауылшаруашылық делегациясы Канадаға келді

МОНРЕАЛЬ, 26 август (ТАСС). Бүгін совет ауылшаруашылық делегациясы Канадаға келді. Монреальдағы аэродромда делегацияны Канада ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары С. Д. Чэгнон, сенатор Бадажи, Квебек провинциясы ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Лабрек, Канада-совет достығы қоғамының вице-президенті Лафонд, ССРО-ның Канададағы елшісі Д. С. Чувакин, совет елшілігінің жауапты қызметкерлері және басқа ресми адамдар қарсы алды. Делегацияны мұнымен бірге Канада және шетел баспасөздерінің көптеген өкілдері де қарсы алды. Аэродромға Монреальдің екі жүзге жуық тұрғындары жыйналып, олар совет делегациясын қы-

зу құттықтады. Делегацияның басшысы В. В. Мацкевич делегацияның Канадада болу жоспарлары және АҚШ-ты аралаудан алған әсерлері жөнінде тілшілердің қойған сұрақтарына жауап берді. Бүгін делегация Монреаль қаласын аралап көрді. Делегация қалалық ратушаға барды, онда делегацияны қаланың мәрі Жан Драпеа құттықтады. Ол былай деді: «Мен сіздердің келуіңізге барлық канадалықтар қуанышты екеніне сізді сөндіре аламын».

Мацкевич қаланың мәріне құттықтағаны үшін алғыс айтып, делегацияның Канадаға келуі Канада мен ССРО арасындағы достық байланыстарды жеңейту ісіне қызмет ететіндігіне сенім білдірді.

### Совет ауылшаруашылық делегациясының Канадада болуы

МОНРЕАЛЬ, 26 август (ТАСС-тың арнаулы тілшісі). 25 августтың кешінде совет ауылшаруашылық делегациясы оның Канадаға келуіне байланысты Канада ауыл шаруашылығы министрілігі ұйымдастырған қонақасыда болды. Қонақасына Канада ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Чэгнон, Квебек провинциясы ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Треванье, ауылшаруашылық оқу орындарының, фермерлік ұйымдардың, сауда кооперативтерінің және жергілікті өкмет орындарының өкілдері қатысты. Қонақасына ССРО-ның Канададағы елшісі Д. С. Чувакин және совет елшілігінің жауапты қызметкерлері қатысты. Мұнымен бірге шетел және Канада баспасөзінің көптеген өкілдері де болды.

Совет ауылшаруашылық делегациясы-

ның келуін Канада ауыл шаруашылығы министрілігінің атынан ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Чэгнон құттықтады. Ол өзінің сөйлеген сөзінде былай деп көрсетті: ауыл шаруашылығы министрілігі елдің ауыл шаруашылығының өртүрлі салаларымен танысу үшін совет делегациясына барлық мүмкіндіктерді береді.

Совет делегациясының басшысы В. Мацкевич жауап сөзінде шын ықыласты қабылдау үшін алғыс айтып, совет делегациясының келуі ССРО мен Канада арасында ауылшаруашылық делегацияларын алмасуды бұдан былай да ұлғайтуға қызмет етеді және екі елдердің арасындағы достық қатынастарды нығайтады деген үміт білдірді.

### Француз-марокко келіссөздерінің аяқталуы

ПАРИЖ, 27 август (ТАСС). Экс-Ле-Бендегі француз-марокко келіссөздері аяқталды. Бұл келіссөздердің барысында министрлер советінің председатели Эдгар Фор бастаған француз үкімет делегациясы Марокконың қоғамдық және саяси топтарының өкілдерімен консультация алысты. Марокколықтар жағынан консультацияларға бас уәзір мен басқа да бірнеше уәзірлер бар сұлтан өкімшілік орының өкілдері, өртүрлі қалалардың пашалары мен қайттері «Истикляль» және «тәуелсіз демократиялық партия» ұлттық партияларының өкілдері, Мароккода тұратын француздардың өкілдері, сонымен бірге Марокко жағынан сайланған республика советінің мүшелері қатысты.

Париж баспасөзінің көптеген хабарлары бойынша, Экс-Ле-Бендегі келіссөздер Мароккодағы толқулар мен қанды оқылғаларға, француз үкімет делегациясының

француз үкіметі бұдан былайғы жерде «реформалар туралы» келіссөздер жүргізе алар еді. Атап айтқанда кәзіргі сұлтан Бен Арафты трон немесе регент советтерімен ауыстыру туралы келісімге қол жетті. Бірақ, газеттің шікіріне қарағанда, бұл келісімдердің орындалуы практикада бірден елеулі қыйындықтарға кездеседі, өйткені сұлтанды жақтаушылар және француз үкімет және парламент топтарының кейбір өкілдері бірсыпыра қарсылықтар, түсініктемелер мен талаптар ұсынылуда. Марокко ұлттық партиясы өз кезегінде бұрынғы сұлтан Бен Юсеф Мадагаскардан Францияға ауыстырылсын және ол жүргізіліп отырған шараларды мақұлдасын деген талап қояды.

Экс-Ле-Бенде жасалған жоспарға сәйкес марокко үкіметі құрылуға тиіс. Бірақ кәзірдің өзінде марокколық ұлтшылдар өзтеріне министрлік орындарын көпшілі-

қатар түрлі-түсті репродукциялар альбомы да шығарылады.

Одан кейін Кафтанов жолдас былай деп хабарлады: ГДР-дің үкмет делегациясымен

халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдетуде және халықаралық ынтымаққа ұмтылу талаптарының толық табысты болатынына мықтап сенудің бейнесі болып

мен кинооператорлар ерекше достық және шын пейілділік жағдайында өткен салтанатты істі бейнелеп қалуға тырысуда. (ТАСС).

## ★ ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ЕЛДЕРІНДЕ ★

### ҚЫТАЙДЫ ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ

ПЕКИН, 27 август (ТАСС). «Дагунбао» газетінің хабарлауына қарағанда, ҚХР өнеркәсібінің күрделі құрылыс жоспарында бірінші бесжылдықта 694 ірі өнеркәсіп орындарын салу және қайта жасау қарастырылған, бұл кәсіпорындардың бір бөлігі бірінші бесжылдықтың өзінде-ақ жұмыс істей бастады немесе жұмыс істейді. Мұның ішінде 107 объекті Қытай электр өнеркәсібінің үлесіне тиеді, соның ішінде 92 электр станциясы және 15 жоғары вольтті линия бар. 24 электр станциясын жобалауда және салуда Қытайға Совет Одағы көмек көрсетеді.

Бесжылдықтың алғашқы екі жылы ішінде Қытайда 17 электр станциясы, соның ішінде Тайюань және Чунцин жылу электр станциялары, сол сияқты Фушун мен Фусиндегі жылу электр станциялары жаңадан салынды және қайтадан жасалынды.

Көзіргі уақытта Қытайдағы ең ірі Фынман су электр станциясы қайтадан жасалынауда, Чунцин ауданында ірі су электр станциясы салынауда. Бірінші бесжылдықта Қытайда барлығы 16 су электр станциясы салынатын болады. Жергілікті маңызы бар электр станцияларын қайтадан салуға және жаңадан салуға елеулі орын берілетін болады.

Өткен жылғы январьда елдің Солтүстік-Шығысында 370 километр ұзындығы бар жоғары вольтті электр передачі линиясы салынды. Быйылғы жылы елде оннан астам жоғары вольтті линиялар салынатын болады, бұлар орталығы ірі су және жылу электр станциялары болатын Қытайдағы кең көлемді электр энергетикалық жүйенің бастамасына жол ашады.

### ЧЕХОСЛОВАКИЯДА ДӘНДІ ДАҚЫЛДЫҢ МОЛ ӨНІМІ

ПРАГА, 27 август (ТАСС). Чехословакияның телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, Чехословакияның шаруалары агротехниканы жақсарту және оны ойдағыдай қолдану нәтижесінде быйыл соңғы он жыл бойы көрмеген мол өнім жыйнауда.

Бүкіл ел бойынша орташа алғанда егін өнімі әрбір гектар сайын 30 центнерден болып отыр.

«Мирослав» мемлекеттік шаруашылығы (Брненск облысы) күздік бидайдан рекордтық өнім — әрбір гектардан 52 центнерден өнім жыйнады. «Оломоуц» мемлекеттік шаруашылығында әрбір гектар егіс алаңынан 51,5 центнерден өнім алынды.

### ПОЛЬША ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ ДЕМАЛЫСЫ

ВАРШАВА, 27 август (ТАСС). Польшаның баспасөз агенттігінің хабарына қарағанда, июль және август айларында Польшаның кәсіподақтарының демалыс үйлерінде 150 мың еңбекші өздерінің демалыстарын өткізген. Дем алушылар тамаша жағдай және жақсы азық-түлікпен қамтамасыз етілген.

Прибалтиканың табиғаты көркем жерлеріне орналасқан демалыс үйлері зор табысқа ие болуда. Мендзыздройда теміржолшылар мен олардың үй іштері дем алатын үй бар. Быйылғы маусымда мұнда 3 мыңдай адам дем алып қайтты.

Закопаньск курорт басқармасы август айында демалыс үйлеріндегі орындардың санын 2300-ге дейін көбейтті. Августтың екінші жартысында Закопаньге көптеген шетелдік қонақтар келді. Мұнда, атап айтқанда, жастар мен студенттердің Варшавада өткізілген дүниежүзілік У фестиваліне қатысқан американ жастары болып қайтты.

Быйыл 8500 жұмысшылар мен қызметшілер өздерінің демалыстарын Мазурдағы демалыс үйлерінде өткізді. Мұнда үлкен Мазур көліндегі пароход экскурсиясы демалушылар арасында аса әйгілі болып отыр.

### ПОЛЬША ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА

ВАРШАВА, 27 август (ТАСС). 1 сентябрьде Польша мектептерінде жаңа оқу жылы басталады. Елдің қалалары мен селоларында, барлық жерде сабақ басталуға әзірлік аяқталып келеді.

Баспасөздің хабарына қарағанда, алдағы оқу жылында елде жаңадан 465 жетіжылдық мектеп ашылатын көрінеді. Сонымен бірге құрылыс ұйымдары елдің түрлі аудандарында салынып жатқан 200-ден астам жаңа мектеп үйлерінің жөнге келтірілуін аяқтауға жуықтады.

Мемлекеттік мектеп баспасы жаңа оқу жылы қарсаңында 22 миллионнан астам оқулықтар басып шығарды. Жалпы білім беретін мектептер жаңа педагог кадрларымен толықтырылды. Алдымыздағы оқу жылында мектептерде педагогикалық лицейлер мен педагогикалық жоғары мектептерді бітіріп шыққан 5300-дей жас мұғалімдер жұмыс істей бастайды.

### АЛБАНИЯДАҒЫ КІТАП ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ АЙЛЫҒЫ

ТИРАНА, 27 август (ТАСС). Албанияда 25 июльден 25 августқа дейін өткізілген кітап және баспасөз айлығы аяқталды. Айлық кезінде елдің мәдени-ағарту мекемелері кітап витриналарын ұйымдастырды. Албан және совет авторларының шығармалары, орыс классиктерінің және халықтық демократия елдері жазушыларының кітаптары бойынша кітап оқушылар конференциялары өткізілді.

Кітап оқушылар Димитр Шутеричидің «Азат етушілер», Кин Душидің «Вельянидің жолы», Вилис Лаццтиң «Жаңа жараға қарай», Семен Бабаевскийдің «Жер үстіндегі нұр», Чжоу Либоның «Дауыл» және басқа сол сияқты романдарды аса қызыға талқылады.

Республиканың өнеркәсіп орындарында, мекемелерінде, селоларында баспасөздің маңызы туралы өңгімелер өткізілді және лекциялар оқылды, ұйымдасқан түрде газеттер мен журналдарға жазылу жүргізілді.

Сол сияқты албанның газеттері мен радиосы баспасөз бен кітаптарды кеңінен насихаттады. Бүкіл елде кітап базарлары жұмыс істеді. Айлық кезінде 100 мың данадан аса кітаптар сатылды.

### БОЛГАРИЯДА «КЕНШІЛЕР КҮНІ»

СОФИЯ, 28 август (ТАСС). Бүгін Болгарияда «Кеншілер күні» салтанатпен атап өтілді. Елдің кен шығару және тас көмір өнеркәсібі халықтық өкмет жылдарында жылдам өркендеуде. 1954 жылы 1950 жылдағымен салыстырғанда көмір өндіру 151,2 процент өсті. Өткен жылы Болгарияда тас көмір 1948 жылдағыдан 2,3 есе, 1939 жылдағыдан 3,88 есе артық өндірілді.

Халықтық Болгарияда кеншінің еңбегі жоғары барланады. Көрнекті 14 кенші Социалистік Еңбек Ері атағын, 9 кенші Димитров сыйлығының лауреаты атағын алды, мыңдаған шахтерлер ордендермен және медалдармен наградталды.

Кеншілердің мәдени және тұрмыстық қажеттеріне зор қамқорлық жасалып тұрады. Өткен жылы олар үшін Рудовск кен бассейніндегі тұрғын үй құрылыстарын есептемегеннің өзінде көлемі 73.500 шаршыметрлік нәтерүй мен жатақханалар салынды.

Кеншілер күніне байланысты кеше Софияда еңбекшілердің салтанатты жыйналысы болып өтті.

тады, олар да жалақыны сағатына 30 франкке арттыруды талап етеді.

### БАТЫС ГЕРМАНИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

БЕРЛИН, 28 август (ТАСС). Неміс баспасөзі Батыс Германия жұмысшыларының ереуіл күресінің күшейе түсуі жөнінде, олардың жалақыны арттыру туралы талаптарын қанағаттандыруға жетісу үшін күресуге берік бел байлап отырғандығы жөнінде жазады.

Бұрын хабар етілгеніндей, кәзір Гамбургтің кеме жасаушылары, Кассельдің машина жасаушылары, Батыс Берлиннің штуркатуршылары, Лüneбургтің құрылысшылары ереуіл көтеруде.

Гамбургтің «Говальдт-Верфт» кеме жасау верфінің ереуіл көтеруші жұмысшылары өздерінің талаптарын қанағаттандыруға жетісуге бел байлағандықтары туралы мәлімдеп, жаңадан демонстрация мен көп адам қатысқан митинг өткізді.

«Норден-Верфт» Верфінің (Гамбург) жұмысшылары ынтымақ көрсетудің қысқа мерзімді ереуілдерін өткізу жолымен кеше өздерінің «Говальдт-Верфт» ереуіл көтеруші жұмысшыларын, сонымен бірге «Штулькен-Верфт» ереуіл бастаған жұмысшыларын қолдайтындықтарын білдірді.

Кеме жасаушылардың үлгілерімен Гамбургтегі бірсыпыра кәсіпорындарының жұмысшылары жалақыны арттыру жолындағы күресті бастады. ДНА агенттігінің хабарлауына қарағанда, Билдегі 11 мың адам жұмыс істейтін «Говальдт-Верке» кәсіпорындарының жұмысшылары жалақыны арттыруды талап өткен.

### ҚХР мен ГДР-дің ҒЫЛМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҒЫ

БЕРЛИН, 27 август (ТАСС). АДН агенттігінің хабарлауы бойынша, таяу күндердің ішінде Берлинде Қытай Халық Республикасы мен Герман Демократиялық Республикасының арасында ғылыми-техникалық ынтымақ туралы протоколға қол қойылған.

Герман Демократиялық Республикасы Қытай Халық Республикасына металлургия, ауыр машина жасау, электротехника және тоқыма өнеркәсібі жөніндегі техникалық документациялар береді, сонымен бірге үлкен бір топ қытай техниктеріне республиканың кәсіпорындарында оқуға мүмкіндік береді.

Қытай Халық Республикасы Герман Демократиялық Республикасына мынадай документацияларды, атап айтқанда, тоқыма, қағаз, тамақ өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы жөніндегі документацияларды талсырады.

Протоколда неміс мамандарының делегациясын Қытай Халық Республикасына жіберу қарастырылған.

шешендігі жақсы алауыздықтарға және Марокконың әртүрлі саяси күштері араб-сындағы бұдан да гөрі тереңірек алшақтықтарға байланысты өте шиеленіскен жағдайда өтті.

Сондықтан Экс-Ле-Бенде монархты және марокколық «үкмет өкілдігін» құру туралы мәселелер жайында принципті келісімге қол жетті, «үкмет өкілдігімен»

### Боливия шаруаларының жағдайы

МОНТЕВИДЕО, 28 август (ТАСС). Чилидің «Эль сигло» газеті өз қызметкері Луис Рикельмнің Боливия шаруаларының жағдайы туралы мақаласын жариялады. Луис Рикельм жауық арада Боливияда болған еді. Қуатты шаруалар қозғалысының қысым жасалуымен Боливияда аграрлық реформа туралы заңның қабылданғанына, деп жазады мақаланың авторы, екі жыл өтті. Бірақ аграрлық реформа практикада жүзеге асырылған жоқ, зор латифундияларға қол тиместен қалды.

Елдің ең маңызды ауылшаруашылық ауданы болып табылатын Кочабамба департаментінде реформа жүргізілу былай тұрсын, қайта, керісінше, мыңдаған шаруалардың жер учасқтары кесіліп алынды. Көптеген жағдайларда шаруалар жерден мүлдем қол үзді. Жер реформасының сол сияқты Пуэнте-Агустың, Ачакачидің

### Венециядағы халықаралық кинофестивальдар

РИМ, 26 август (ТАСС). Венецияда балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің халықаралық VIII фестивалі мен документтік және қысқа метражды фильмдердің халықаралық VI фестивалі аяқталды.

Басқа фильмдерге қоса Совет Одағы режиссер Әйсимонттың «Екі дос» кинокартинасын, режиссер Трояновскийдің «Арктиканың орталығында» деген картиналарын «Мемлекеттік орыс музейі» және «Жолбарыс аулаушылар» фильмдерін көрсетті.

Көрушілер мен сыншылар совет кинокартиналарына жоғары баға берді. «Екі дос» фильмі ерекше зор табысқа ие болды.

РИМ, 26 август (ТАСС). Кеше Венецияда көркемсуретті фильмдердің халықаралық XVI фестивалі ашылды, оған 18 ел

ның берілуін талап етуде, көптеген француз саяси қайраткерлері сияқты, Мароккодағы кәзіргі сұлтанды жақтаушылар да бұған қарсы шығуда.

Экс-Ле-Бендегі келіссөздерді қорытындылау және Мароккодағы кризисті шешу жөнінде бұдан былайғы шараларды анықтау үшін 28 августа Франция министрлер советінің мәжілісі болады.

және елдің басқа да ауылшаруашылық аудандарының ірі жер иелеріне қатысы болмады.

Аграрлық реформаны жүргізу жөніндегі комиссияға тек қана судьялар, полициялық өкмет орындарының өкілдері мен помещиктер агенттері кіреді. Боливия үкметінің ауыл шаруашылығы саясаты саласындағы барлық күш-жігері, деп атап көрсетілген мақалада, шаруалар қозғалысын болдырмауға бағытталған. Боливияда ауылшаруашылық өндірісі тоқырап қалды, егін өнімдері өте төмен. Ел нанның орасан жетіспеушілігін басынан кешіріп отыр. Көптеген алым-салықтар онсыз да шаруалардың ауыр жағдайын нашарлата түседі. Шаруалардың қолдарындағы азық-түліктерін тартып алу үшін үкмет орындары жазалау экспедицияларын ұйымдастырды.

қатысуда, олар 33 фильм көрсетеді. Совет Одағы фестивалында 28 август күні режиссер С. Самсоновтың «Үшқалақ» кинокартинасын, 31 августа режиссер Л. Луковтың «Жаңа жаралауға» деген фильмін және 8 сентябрьде режиссер В. Строеваның «Борис Годунов» деген кинокартинасын көрсетеді.

Фестивальға совет кино қайраткерлерінің делегациясы қатысуда. Фестиваль 10 сентябрьде жабылады; бұл күні халықаралық жюри берген сыйлықтар тапсырылады. Жюридің құрамында 9 кино сыншысы мен искусство қайраткері бар, бұлардың бесеуі итальян, біреуі француз, біреуі чехословак, біреуі ағылшын, енді біреуі американ.

Редактор **Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ЕФРЕЙТОР КОЧЕТКОВТЫҢ БАСЫНАН ӨТКЕН ОҚИЙҒА»

Сеанстар күндізгі сағат 11, 12-30, 2-30, кешкі сағат 5, 6-30, 8, 9-30, түнгі сағат 11-де басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс егілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.